

**"Ақмола облысы білім басқармасының
Аршалы ауданы бойынша білім бөлімі
Иманжүсіп Құтпанұлы атындағы
Жібек жолы ауылының жалпы
орта білім беретін мектебі" КММ
тәрбие процесі бойынша іс-шаралардың
жылдық есебі
2021-2022 оқу жылы**

Тәрбие ісі меңгерушілері:

Айкынбаева М.М.
Жунусова А.К.

**"Ақмола облысы білім басқармасының Аршалы ауданы бойынша білім бөлімі
Иманжүсіп Құтпанұлы атындағы Жібек жолы ауылының
жалпы орта білім беретін мектебі" КММ-ның**

тәрбие процесі бойынша жылдық есебі.

1 қыркүйек күні, Иманжүсіп Құтпанұлы атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде 1-сыныптарға арналған «Кел, балалар, оқулық!» атты салтанатты сап түзеу өтті. Мерекелік іс-шара оқушыларымыздың мың бұралған «Қазақ биіміне» ашылды. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Әнұраны орындалып, оқушылар Көк туымызға бет бұрды. Салтанатты жиын мектеп директоры Туркестанбаева Ақнұр Арысбайқызының құттықтау сөзімен басталып, мерекемізге арнайы келген қонақтары – Аршалы ауданының әкімі Байманов Айдар Итемгенұлы, Аршалы білім бөлімінің басшысы Молдахметов Мереке Рахымбекұлының құттықтау сөзімен жалғасын тапты. Келген қонақтар мектеп әкімшілігімен бірлесіп, бірінші сынып оқушыларына биылғы оқу жылында қайта қолданысқа енгізіліп отырған «Әліппе» оқулығын табыстады. Биылғы оқу жылында 5 бірінші сынып ашылып, сынып жетекшілері салтанатты жиында ата-аналарға таныстырылды. Ұстаздарының бүлдіршіндермен дайындаған әдеби монтажы көпшіліктің көңілінен шықты. Алғашқы қонырау соғу салтанаты 1-сынып оқушысы Кеңбай Парасат пен 11-сынып оқушысы Сардаржызы Аружанға берілді. Салтанатты жиын өз мәресіне жетіп, оқушылар алғашқы сынып сағатына қатысты.

2-11-сынып оқушылары берілген сыныптарында «Тәуелсіздік жетістіктері» тақырыбындағы сынып сағаттарына қатысты. Оқушылар биылғы оқу жылында Тәуелсіздіктің 30 жылдық қарсаңына орай еліміздің жеткен жетістіктері жайында білімдерін ортаға салды.



Сонымен қатар, 1 қыркүйек күнінде мектебімізде 2-11-сынып оқушылары берілген сыныптарында «Тәуелсіздік жетістіктері» тақырыбындағы сынып сағаттарына қатысты. Оқушылар биылғы оқу жылында Тәуелсіздіктің 30 жылдық қарсаңына орай еліміздің жеткен жетістіктері жайында білімдерін ортаға салды.



Қыркүйек айының 6 күні, мектебіміздің мед бикесі Айман Зайырбековнаның ұйымдастыруымен «Коронавирус ауруына қарсы» түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Аурудың негізгі белгілері мен алдын-алу жолдарын түсіндірді.



Мектебімізде «Тіл - халықтар бірлігінің алтын көпірі!» атты Қазақстан халықтарының тілдер мерекесінің ашылу салтанаты өткізілді.

Қыркүйектің 4-і күні Қазақстан халқының тілдері күні мерекесіне орай тіл мамандарының қатысуымен брифинг өтті. Аталған брифингте бастауыш сынып, қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі пәндері бірлестік жетекшілері Қазақстан халықтарының тілдер мерекесінің өтілу іс-шараларының жоспарымен таныстырылды.

Қыркүйектің 6-ы күні «Тіл - халықтар бірлігінің алтын көпірі!» атты Қазақстан халықтарының тілдер мерекесінің ашылу салтанаты өтті. Бұл мейрамды тәрбие ісінің меңгерушілерінің қолдауымен қазақ, орыс, ағылшын және бастауыш сынып әдістемелік бірлестік мүшелері ұйымдастырды. Тіл мерекесіне арналып шығарған «Тіл - халықтар бірлігінің алтын көпірі!» атты тақырыптық стенд оқушыларға тіл жайында танымдық ақпарат ұсынды.

Ең алдымен, қазақ тілі мен әдебиет пәні бірлестігінің жетекшісі Хусайн Қанат сөз сөйлесі. Іс-шара барысында Мағжан Жұмабаевтың, Сұлтанмахмұт Торайғыровтың, т.б. ақындардың тіл туралы әдемі өлең жолдары оқылды.

6 «г» сынып оқушылары Сейфулла Айғаным мен Бейсен Іңкәр «Туған жер» әнін шырқады. 2 «б» сынып оқушысы Айтмұхаббет Әмина дана Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңін мәнерлеп оқып шықты. 2 «а» сынып оқушысы Кенжеғали Яеміна «Айгөлек» биімен көрермендердің ыстық ықпалына ие болды. Мереке қонақтарының көңіліне әсерлі оқумен ерекше түскен 10-сынып оқушысы Сағаттай Зейнеп («Анана қонырау шал») болды. Іс-шара 8 «ә»-сынып оқушысы Жусупбекова Айтжанның, 8 «в»-сынып оқушысы Адия Орпабасованың орыс тілінде тіл туралы өлеңдерімен жалғасты. 4 «г»-сынып оқушысы

Айтмұханбек Ілжу «Көзімнің қарасы» әнін тарту етті. 5 «а»-сынып оқушысы Талғат Гауһар ағылшын тілінде өлең жолдарын паш етті. 5 «в»-сынып бишілері

Бакыт Аяна мен Ілияс Кәусар өнерлерін көрсетті. Ашылу салтанаты «Туған тілім» өлеңімен аяқталды.



Қыркүйектің 8-і күні «Үшқар ой мен шешен тілі» атты 4 сыныптар арасында зияткерлік сайысы өткізілді. Мақсаты: оқушылардың ойлау қабілеттерін, танымдықтарын, танымдық белсенділіктерін арттыра отырып, өз ойларын еркін де шешен сөзбен дәлелдеуге үйрету, пәнге деген тапқырлықтарын арттыру. Математикалық тапсырмалар мен логикалық тапсырмалардың ерекшеліктерін бағдарлап, қызығушылықтарын арттыру. Математикалық тапсырмалар мен логикалық тапсырмалардың ерекшеліктерін бағдарлап, мәдени түрде жауап беру, ой ұшқырлығы мен шешендік сөйлеуді қоса игеруге баулу. Әр сыныптан бір оқушыдан қатысты. Сайысқа 5 бала қатысты. Сайыс 4 айналымнан болды.

I - айналым «Бәйге»

II - айналым «Айшықты сөздер»

III айналым «Үшқар ой»

IV айналым «Кім жылдам»

Осы айналымдар балдарын есептеп жеңімпаздарды марапатталды.

1-орын Заманбек Нұрасыл 4 «А» сынып

2-орын Ершора Абдуллах 4 «Г» сынып

2-орын Мұқан Аят 4 «В» сынып

3-орын Асамадинов Елнар 4 «Б» сынып

3-орын Салыкова Томирис 4 «Ә» сынып

Оқушылар өз білімдерін тексеріп, шыңдады. Өз ойын еркін айта алатын, жоғары білімді, ұлттық тілді, тарихты жетік меңгерген, отандық және әлемдік мәдениетті бойына қалыптастырған, шығармашыл, онтайлы кәсіби маман қалыптасар деген үміттеміз. Жеңімпаздарды құттықтаймыз!



Қазақстан халқының тілдері күні мерекесіне орай мектебіміздің кітапханасында оқырмандар конференциясы өткізілді. Мектеп оқушылары мен тіл мамандары қатысқан конференцияда тіл құндылығы, қазақ тілі жайында тақырыпқа байланысты оқырмандар өз ойларын айтты.

Оқырмандар конференциясын – қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі Ахметбек Айнұр Амантайқызы ұйымдастырды.

Конференция - тұмауы ұзақ тіліміздің тарихы туралы қысқаша бейнеролик көруден басталды.

Мақсаты: Тіл тазалығын сақтау, мәдениетті сөйлеу, шешендік өнерді оқушы бойына сіңіре отыра, ана тіліне сүйіспеншілігін қалыптастыру, мемлекеттік тіл мәртебесін көтеруге атсалысуға шақыру;

Конференцияда мына тақырыптар қозғалды:

1. Бірнеше тіл білеміз деп өз тілімізді шұбарлап алған жоқпыз ба?
 2. «Тәрбие басы - тіл», « Мен қазақтың » деген әр баланың бойында патриоттық сезім болары хақ, ұлттық рухты бойына сіңіріп, ана тілінде таза сөйлеу үшін не істеу керек?
 3. «Тіл- ең асыл құндылық» ұлттық құндылықтарымызды бағалап, дәріптеп жүрміз бе?
 4. Қазақ тілінің оркендеп, өрлеуіне болашағының мықты болуы үшін қандай ұсыныстар айтар едіңіздер?
- Қазақ тіл мен әдебиеті пәндерінің мұғалімдері мен оқушылар, өз пікірлерімен бөлісіп, ойларын ортаға салды.6 «А» сынып оқушысы Есен Ұланның «Құрметте ана тіліңді» атты өлеңі оқылды.



Оқушылар конференциясы



Оқушылар конференциясы



Кез келген ұлт, халық ең бірінші рухани өрсімен, жан байлығымен өлшенеді. Ал, халықтың өнері, мәдениеті-тілінде. 2021 жылдың 14 қыркүйегінде мектебімізде Қазақстан халқы тілдері күніне орай "Тіліміздің теңдігі-ұлтымыздың елдігі"-онлайн чөлөңжі өткізілді. Бірнеше тілді меңгеру арқылы жас ұрпақ білім кеңістігінде еркін самғап, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіндік алады.



15-ші қыркүйекте «Тіл – ұлттың тұғыры» атты ән байқауын онлайн форматта Дана Уалихановна мен Алмагуль Муратовна ұйымдастырып өткізді. Ән байқауын 6-шы сыныптар арасында өткіздік. Жеңімпаздар анықталып, оларға жүлделері орындар берілді.

1 орынды – 6 «Б» сынып оқушысы Динисламбекқызы Ақнұр "Отан" әнімен,

2 орынды – 6 «Г» сынып оқушысы Сайфолла Айғаным «Туған жердей жер болмас» әнімен,

3 орын – 6 «А» сынып оқушыларынан құрылған квартет иеленді «Атамекен» әнімен.



Мектебімізде қыркүйектің 17-ші жұлдызында ҚР халықтар тілдер мерекесіне орай "Амнат" дебат клубы "Лагын әліпбиі- оркениет жолы" тақырыбында дебат өтті. Дебатқа 9 "а" және 10 "а" сынып оқушылары қатысты.

Мақсаты: заман талабының сұранысына сәйкес жетік, адами құндылықты жанына сірік еткен, айналасына сын көзбен қарып, қоғамдық өмірге белсене араласатын жастардың жаңа буынын қалыптастыру. Мектепшілік пікірсайыс турнирлерін ұйымдастыру, үздіктерді анықтап, ынталандыру.

Дебат клубының жетекшісі: Бахытхан Ойғарбай



17 қыркүйек күні Иманжүсіп Құтшаулы атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде Қазақстан халқының тілдері мерекесіне орай "Тілдің мерейі - елдің мерейі" тақырыбында мұшайра өтті. Мұшайраның мақсаты: оқушылардың шығармашылық ізденісіне жағдай жасай отырып, тіл мерейін көтеретін, поэзиямыздың мүмкіндігін танытатын өлеңдердің жазылуына мүмкіндік беру, жас ақындардың шығармашылық дамуына жол ашу.

Мұшайра талабы бойынша оқушылар әділ қазы алқаларына тіл жайында мәнерлеп оқыған өлеңдерін бейнебаянға сапалы түсіріп, ұсыну керек болатын.

Мұшайраның қорытындысы бойынша 6 "А" сынып оқушысы Есен Ұлан - Бас жүлде, 5 "А" сынып оқушысы Тұрысбек Сабина - 1 орын, 6 "Д" сынып оқушысы Нұрлан Айбике - 2 орын иеленді.

Жеңімпаздарды құттықтай отырып, поэзия әлемінде қаламдарың мұқалмасын, қанаттарың талмасын деп тілейміз.





"Отбасы-бақыт мекені" атты отбасы күніне арналған іс-шаралар жоспары негізінде "Ұрпақ жақсылық-ұядан" атты, үлгілі отбасы туралы 4 сыныптардың жасаған бейнежазбалары



Мектебімізде қыркүйектің 8-і күні 5-сыныптар арасында «Жаңым қорғаным, ата-анам тірегім» атты отбасылық спорттық жарысы өткізілді. «Ата-ана, оқушы, мұғалім» үштігі байланысын нығайту, салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында өткізіліп отыр. Спортқа деген қызығушылықтарын арттырып денсаулықтың қадірін білуге баулу. Жарысқа 5 «а», 5 «б», 5 «в» сынып оқушылары ата-анасымен белсене қатысып кім мықты екенін анықтады. 5 «а» сыныбы 1-орын, 5 «в» сыныбы 2-орын, 5 «б» сыныбы 3-орынға табан тіреді. Жарысқа әр отбасы бар ынтасымен күш-жігерін салып қатысты. Алдығы уақытта тек оқушылардың арасында өткізу жоспарымызда бар.



«Менің отбасым - сыйластық, жарастық орнаған ортам» тақырыбы негізінде психологиялық тренинг өткізілді.
Мақсаты: Жаңұядағы сыйластыққа, алаңгершілікке, ынабаттылыққа тәрбиелеу. Үлкенді үлгі, кішіні мақтан етуге, отбасының бірлігін сақтап, ата-ана алдындағы парызын өтеуге, еліміздің жақсы азаматы болып өсуге, жаңұяның мақтаны болуға тәрбиелеу.



«Отбасы және отбасылық құндылықтар» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді.



Мектебімізде отбасы күніне орай бастауыш сынып психологы Қуан Ұлбүбі

3 - сынып оқушыларымен "Отбасы - сыйластық орнаған ортам" атты психологиялық тренинг өткізді.

Мақсаты: Жанұядағы сыйластыққа, адамгершілікке, инабаттылыққа тәрбиелеу. Үлкенді үлгі, киініні мақтан етуге, отбасының бірлігін сақтап, ата-ана алдындағы парызын өтеуге, еліміздің жақсы азаматы болып өсуге, жанұяның мақтаны болуға тәрбиелеу.

Тренинг барысында 3 - сынып оқушыларымен «Отбасылық құндылық ағашы» шығармашылық жұмысы жүргізілді.

Нұсқау: Үлкен ағаштың суретін салу керек. Бұл сіздің отбасылық құндылық ағашыңыз. Бірнеше берілген отбасылық құндылықтарды ағаштың тамырына,

діңіне, бұтақтарына орналастыру керек.

Тренинг барысында оқушылар ерекше көңіл - күйге бөленді. тренинг ойдағыдай өткізілді

Мектебіміздің 5 сынып оқушыларының орта буынға бейімделуін психологиялық сүйемелдеу мақсатында ата-аналарға қолдау көрсету маңызды іс-шара болып табылады.



Қыркүйек айының 9-ы күні мектеп психологы Ташетона Назгуль Бүлекбаевна, "Менің отбасым - сыйластық, жарастық орнаған ортам" тақырыбында 6 сынып оқушыларымен кездесу өткізді. Мақсаты: жанұядағы сыйластыққа, адамгершілікке, инабаттылыққа тәрбиелеу. Ата-анасын сыйлап, өмірдегі барын бағалауды үйрету!

Менің өтбалам - сыйымталык, қарастық арманым оған



«Мектеп дедадантанысының себептері» 5 сынып оқушыларының бейімделуін қадағалау мақсатында мектеп педагог-психологы Ташетова Назгуль ата-аналарға кеңес беріп, сүйемелдеу жұмысын ұйымдастыруда.



13-17 қыркүйек аралығында мектебімізде жол қауіпсіздігіне байланысты "Абайлаңыз балалар!" тақырыбында акция өтті. Апталық жоспарына сәйкес барлық сыныптарда тәрбие сағаттары өткізілді. Оқушылар сынып сағаттарында жолда жүру ережелерімен таныстырылды, себебі жолда жүру ережесін сақтау өте маңызды. Балалар жолдан өткенде әсіресе абай болуы қажет және бағдаршам тілін білулері керек. Жол бойындағы түрлі белгілерді оқушылардың білуі өте маңызды. Жолда жүру ережелері балаларға мектеп жасынан түсіндірілгені дұрыс.



«Электр қауіпсіздігі, жаракаттың алдын алу»

Мақсаты: Балаларға « электр қуаты», «электр тогы» туралы түсінік беру; электр қуатын пайдалануда сақтану ережелерінің негізін қалыптастыру; найзағайдың пайда болу себептерін түсіндіру. Қауіп төнген кезде өздерін қорғай білуге машықтандыру болып табылады. Электр тогы арқалы жұмыс істейтін заттарды дұрыс қолдану туралы түсінік беру.

Жүргізу әдісі: түсіндіру, презентация, видео ролик түрінде көрсету.

Электр қауіпсіздік ережелерімен танысты:

- Электр тогының, қуатының қапталықты қауіпті екенін білді.
- Электр - жарық көзі. Бір күн үйімізге электр қуаты келмей қалса, дүниені пайдаланбасак, одан да өрт шығуы мүмкін.
- Электр приборларын уақтылы өшіру, электр жүйесінен ажыратуды ұмытпау.
- Үлкендердің көмегісіз электр разеткаларына ештеңе тығуға болмайды. Өрт оқталарына басты себепші электр желісі және өрт қауіпсіздік ережелерін бұзуы болып табылады.
- Үйге жарық тартқан кезде, көбінесе, оның дұрыс орнатылуы ескеріле бермейді. Ескірген сымдарды қолдану да кездеседі. Осы жайттардың барлығы аяғында өртке әкеп соқтырады.
- Электр желісі бұзыла қалған жағдайда, кәсіби біліміңіз болмаса, оны өзіңіз жөндеу өте қауіпті. Сондықтан, үйдегі электр желілеріне салмақ түсіретіндей 2-3 электр затын бір мезетте электр қуатына қоспау керек.

Электр қауіпсіздігі



Денсаулық – тән, рухани және әлеуметтік игіліктің жиынтығы. Қыркүйек айының 25 күні Иманжүсіп Құтпанұлы атындағы орта мектебінде «Спорт-денсаулық кеші» атты денсаулық күніне орай спорттық іс-шарасы өткізілді. Білім ордасының ауласында сап түзілді. Қазақстан Республикасының мемлекеттік әнұраны шығарылды. Мектеп директоры Түркістанбаева Ақнұр Арысбайқызы оқушыларға жылы лебізін білдіріп, салтанатты мерекені ресми түрде ашты. Дене тәрбие бірлестігінің жетекшісі Тұмышев Рүстем Берікұлы оқушылар мен ұстаздар ұжымын іс-шараның бағдарламасымен таныстырып өтті.

Бірінші кезекте 5-11 сынып оқушылары жүгіру сайысында бақ сынасты. Жасөспірімдер мен жеткіншектер сайыс барысында бар күшін салып көрермендердің ыстық ықыласына бөленіп, жүлделі орындарға ие болды.

Мереке қарсаңында ұстаздар қауымы да қарап қалған жоқ, мұғалімдер арасындағы өзара жүгіру сайысында керемет белсенділік танытып, өздерінің білім және тәрбие тұрғысынан ғана емес салауатты өмір салтын ұстану тұрғысынан да үлгісі бола алатындарын дәлелдеді.

Іс-шара мектеп ұстаздарының арасынан волейбол командалық жарысуымен аяқталды. Иманжүсіп Құтпанұлы орта мектебінің мектеп директорына дейін қатысып, озық ойын көрсетті. Мереке соңында жеңімпаздарға арнайы мадақтама грамоталары беріліп, құттықтау сөздері айтылды.



Иманжүсіп Құтпанұлы атындағы орта мектебінің 11 сынып оқушылары Аршалы ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлім басшысы капитан Ж.М.Сарсенбаевпен кездесті. Кездесуде әскери институт түрлерімен, қабылдау шарттарымен таныстырылды.



"WORLD CLEANUP DAY 2021" Дүниежүзілік акциясы аясында мектебімізде экологиялық сенбілік ұйымдастырылды. ОРТАҚ ҮЙІМІЗДІ ТАЗА ӘРІ ЖАЙЛЫ ЕТЕЙІК!



Мектебімізде "Тәуелсіздік нгілігі" тақырыбында біріңғай ашық сабақтар өткізіледі. Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған "Тәуелсіздік нгілігі" тақырыбында ашық сабақ өткізілді. Сабақ мақсаты: Жас ұрпаққа Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерей тойымен қоса осы күнге жеткен жетістіктерімізді паш ету.



2021 жылдың 16 қыркүйегінде И. Құтпанұлы атындағы жалпы орта білім беретін мектептің ұйымдастыруымен «Құқықтық сауаттылық – заман талабы» тақырыбында деңгелек үстел өтті. Іс-шара барысында мұғалім оқушыларға консультациялық кеңес өткізіп, қазіргі заман талабына сай құқықтық тәрбие үдерісі, құқықтық сауаттылық жайлы ақпарат берді. Ол өз сөзінде әкімшілік және қылмыстық заңнамалардың негізгі ережелерін және жасөспірімдер арасында орын алып жатқан құқық бұзушылықтар, олардың алдын алу бойынша жасалып жатқан жұмыстар туралы бағдалды. Жастар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу, сұниңді болдырмау, нашакорлыққа жол бермеу сияқты іс-шаралар кеңінен насихатталды. Одан бөлек оқушылар әкімшілік және қылмыстық құқық алу, сұниңді болдырмау, нашакорлыққа жол бермеу сияқты іс-шаралар кеңінен насихатталды. Оқушылардың құқықтық бұзушылықтардың негізгі баптарымен танысып, «Құқықтық сауаттылық – заман талабы» атты презентация тамашаланды. Оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру. Ата заңымызға деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастырып, шынығал да әділетті және парасатты тұлғаны қалыптастыру мақсатында өткен «Құқықтық сауаттылық – заман талабы» тақырыбындағы пікірталас өте қызықты өтті. Деңгелек үстел сайыс бағытында 2 команда арасында өтті. Оқушылардың барлығы іс – шараға белсене қатысты. Белсенді болған оқушылар: Бақытжан Аружан, Наурызбаева Мерей, Ертаев Ернұр, Кеңесбай Дильназ және т.б. да өздерін жақсы жақтарынан көрсетті. Пікірталас өте қызықты өтті. Бөлімдері де көкейде жүрген сұрақтарды қозғап, біраз мағлұматтар алып анкета толтырылды. Сайыс бойынша достық және әділдік деген шешімге келді.



Оқушылар «Бостандық» «Менің құқығым» кластерін жасады



«Құқықтық сана- қауымға пана» атты тақырыпта Ташетова Назгүл Булекбаевна 9 сыныптар арасында дөңгелек үстел өткізді. **Мақсаты:**

- ✓ Оқушылардың құқықтық білімдерін тереңдету, заң алдындағы жауапкершілікті арттыру, ұйымшылдық пен тәртіптіліктің тиімді жолдарын таба білуге баулу, саяси сауаттылыққа баулу;
- ✓ Оқушыларды өз құқықтарын қорғай білуге үйрету;
- ✓ Оқушылар бойында демократиялық қозғалыс қалыптастыру;
- ✓ Құқықтық нормативтік актілерді орындай білуге, құрметтей білуге, адамгершілікке, елжандылыққа, құқықтық сауаттылыққа тәрбиелеу;
- ✓ Оқушылардың ойлау, тыңдау, өз ойларын еркін жеткізе алу мәдениетін дамыту, шығармашылық қабілеттерін шыңдау.



20-24 қыркүйек аралығында «Дини экстремизм , терроризм- бейбітшілік пен тұрақтылыққа төнген қауіп» атты апталық өтті. Апталық іс-шараға мектеп оқушыларымен ұстаздар қауымы өте жауапкершілікпен қарай отырып, белсенді түрде ат салысып, өз дәрежесінде атқарылды. Мектебіміздің дінтану пәні мұғалімі Ташетова Назгүл Булекбаеваның ұйымдастыруымен апталықтың ашылуы өткізіліп, оқушылар мен мектеп ұстаздарын апталықта жоспарланған іс-шаралармен таныстырып өтті. «Жасөспірімдер арасында діни экстремизмнің алдын-алу» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырады.

Мақсаты:

- Оқушыларға экстремизм, терроризм туралы терең түсінік беру, оның түрлері, себептері мен зардаптарын ұғындыру;
- Жасөспірімге қоғамның әлеуметтік, құқықтық, діни сипаттарын ұғындыра отырып, оларды террорлық, лаңкестік және діни экстремистік бағытта арандатуға жол бермеу;
- Жасөспірімдерге бейбітшіліктің маңызды және мейірімділік пен ізгіліктің, адамдарға жақсылық жасай білудің өмірдегі басты ұстанымы екенін ұғындыру.



Жастардың арасында парасаттылық идеологиясын насихаттау және терең білімнің маңыздылығын түсіндіру мақсатында мектебімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы 21 қыркүйек күні «Адалдық сағаты» өткізілді. Қазақ руханиятында терең із қалдырған, қаһармандық, батырлық әрекетімен, ғылыми ізденістерімен, ұстаздық және қаламгерлік қабілет-дарынымен, жан дүниесінің кіршіксіз молдір тазалығымен өзгешеленетін тарихи тұлға - Кеңес Одағының батыры, ғалым, академик, жазушы, қоғам қайраткері Мәлік Ғабдуллинге арналған «Адалдық сағаты» 7 «В»- сыныбында өткізілді.

Сынып жетекшісі – Ахметбек Айнұр Амантайқызы ең алдымен Мәлік Ғабдуллинге арналған бейне – дәріс (https://youtu.be/ZetZECK_4E) көрсетіп, оқушыларға Мәлік Ғабдуллиннің өмірі мен шығармашылығын, еңбектері мен ақынға арналған мұражайларды таныстырды.

Сабақтың басты мақсаты-ұлы тұлға ойшылдың еңбектері арқылы өскелең ұрпақтың бойына әділдік, парасаттылық және сенім құндылықтарын сіңіру.

«Адалдық сағаты» соңында оқушылар Мәлік аталарындай батыр да адал, өз халқын сүйетін нағыз патриот болуға серт берді



«Өз жүрегіңмен жылыту»

1 қазан – Халықаралық қарттар күні мерекесіне орай акциялар ұйымдастырылды.

Қазақ «Қариясы бар ел – қазынасы бар ел» дейді. Қарияларымызды құрметтеп, ардақтау – біз үшін парыз. «Үлкенге – құрмет, кішіге – ізет» еге білген, бізге тағалымды жол көрсеткен аға ұрпақтың берген тәрбиесі мен тәлімі мол. Ақыл-кеңестің, үлгі-өнегесің сарқылмас кенішіндей болған қарттарымыз сіздер, аман-есен жүргейсіздер!

Дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық, күт-береке тілейміз!!!



Қазақ қоғамында "қарттар үйі" дейтін түсініктің өзі болмаған. Бұл Кеңес заманынан бастап біздің ділге енген пайым. Өкінішке орай, қазіргі қоғамда өзі ер жетіп, болары болған кезде әлі калмаған әке-шешесін қарттар үйіне өткізетін қазақтың балалары да баршылық. Мұны қарттар үйінде толып жүрген қазақтың ата-әжелеріне қарап-ақ білеміз. Осы мәселе төңірегінде мектебімізде тарих пен мұғалімі Бахытхан Ойғарбайдың ұйымдастырылуымен «Қарттар үйі керек пе?» тақырыбында дебат өткізілді. Дебатқа 8-9-10 сынып оқушылары қатысып, жақсы дайындықтарымен, дұрыс сөз саптауларымен іс-шараны жоғары деңгейге көтерді.



«Ұстаз деген жарық күні ғаламың!»

Еліміздегі ертеңгі тізгін ұстар, Отанын ғаламдық дамудың көшінен қалдырмай өрге шығарар азамат тәрбиелеу ұстаздарға жүктелген аса маңызды да жауапты міндет. Осы жауапты міндеттің үлерісінен табылып, жана заманның ауыр жүгін қайыспай көтере білген шығармашыл ұстаз, үлкен ұжымға көшбасшылық жасап отырған білікті басшы Түркістанбаева Ақнұр Арысбайқызын және барлық ұстаздар қауымын кәсіби мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймыз!



Осы орайда ұстаздарымыздың мерейін үстем ете отырып, мектебімізде қазанның 10 күні мұғалімдер мерекесіне орай «Ұстаз- ұлы есім» тақырыбында 11-сынып жетекшілері А.К.Сыздықова, Р.Ж.Камышева, 11-сынып оқушылары, тәрбие ісінің меңгерушілері А.Е.Абдрахманова, А.К.Жунусова, А.М.Айқынбаева, Ұ.Т.Ишмухамедова ұйымдастыруларымен өзін-өзі басқару іс-шаралары жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Іс-шара барысында 11-сынып оқушыларынан тағайындалған мектеп әкімшілігі, мұғалімдер сыныптарда сынып жетекшілерін құттықтау барысында мерекелік сынып сағаттарын, піздер бойынша сабақтар ұйымдастырып өткізді. Мерекелік іс-шараны қорытындылау негізінде 11-сынып оқушылары, мектеп оқушылары дайындаған шығармашылық кеш ұйымдастырылды.



Жемқорлықсыз-қоғамға қадам»

Сыбайлас жемқорлықтың мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін едәуір төмендететіні, қоғамда демократиялық қайта құруларды жүзеге асыруды тежейтіні, елдің халықаралық беделіне көлкенге түсіретіні белгілі. Ең бастысы – адамдардың қоғамның демократиялық негізіне деген сеніміне, заң мен әділдікке деген сеніміне, түптеп келгенде, билікке деген сеніміне кері әсер ететіні хақ. Демократиялық институттар мен құндылықтар сыбайлас жемқорлықтың көріністерімен, сондай-ақ одан туындайтын қоғамның тұрақты және қауіпсіз дамуына қатер төндіретін түйткілді мәселелермен сыйыспайтыны анық. Тиісінше Қазақстанда іске асырылып жатқан демократиялық қайта құрулар сыбайлас жемқорлықтың барлық көріністеріне қарсы күресте жүйелі жұмыс істеуі мүмкін емес. Қазіргі таңда мемлекет тарапынан жемқорлыққа қарсы күрес мақсатында ауқымды жұмыстар жүргізілуде.



«Оқушылардың мектепке бейімделуін бақылау»

Қазан айының жоспары негізінде 5-7 сыныптардан Д.Ж.Мореноның әдісі бойынша социометриялық зерттеулер жүргізілді. Нақты 5В, 5Д, 6В, 6Г, 6Д, 7В, 7В сыныптарынан алынды. Социометрия нәтижесі бойынша шеттетілген оқушылар анықталды, анықталған 7В, 6Г, 6Д сынып оқушыларымен топтық түзету жұмыстары қараша айына жоспарланды.

7-11 сыныптар аралығында құқық бұзушылықтың алдын-алу мақсатында сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға барлығы 96 оқушы қатысты. Сауалнама нәтижесі бойынша оған қатысқан оқушылар арасында буллинг анықталмады. Оқушылар түнгі уақытта нешеден кейін ата-анасымен жүруі керек екенін ішінара ғана білетіні анықталды. Оқушыларды осы тақырыпта ақпараттандыру керектігі анықталды.

«Жасөспірімдердің физикалық-психикалық денсаулығын нығайту» бағдарламасы бойынша 8, 9, 10, 11 сыныптардан сауалнама алу жұмыстары жүргізілуде. Сауалнама нәтижесі қараша айында анықталады.

«Қызылжар Абай ОМ» ҚҚ бағдарламасы бойынша кәмелетке толмағандардың аутодеструктивті мінез-құлқының алдын алу және стресске қарсы тұра білуге тәрбиелеу, өзін-өзі тануын жақсарту, достық қарым- қатынасты қадірлеуді баулу мақсатында оқушыларға тренингтерде бейнероликтер көрсетілді.

«Жасөспірімдердің физикалық-психикалық денсаулығын нығайту» бағдарламасы (суиндтің алдын алу) бойынша сынып жетекшілермен ағарту жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар осы бағдарлама бойынша ата-аналарға да ақпарат таратылып, жеке кеңестер жүргізілуде. Социометрия нәтижесі бойынша 5Д сыныбымен түзету-дамыту жұмысы арт-терапиялық тренинг: «Өмірдің жеті кереметі!» өткізілді. Мақсаты: оқушылар арасында достық қарым-қатынасты, өзара эмпатияны дамыту.



«Тұмаудың алдын-алу»

ЖРВИ мен ТҰМАУдан сақтаныңыз!

Тұмаудың алдын алу шаралары, алғашқы белгілері, сақтану жолдары, асқыну жағдайлары туралы ақпарат берілді. Тұмаудың түрлері қандай жағдайға жұқтырылатыны балаларға түсіндіріп айтылды. Плакаттар дайындалды



«Тұмаудың алдын-алуға қарсы» қабырға газеттері шығарылды.



«Мектептегі мінез-құлық ережелері» инспектормен кездесу. Мектебімізде «Мектептегі мінез-құлық ережелері» атты тақырып негізінде Аршалы ауданы полиция бөлімінің ювиналды полиция тобының учаскелік полиция инспекторы Мусабеков Нұрсұлтан Нұржанович, аға лейтенант Омарова Назира Санбекқызымен 3-11 сынып оқушыларының ұлдары арасында кездесу өткізілді.



А.С.Макаренконын: «Анағұрлым қиын тиетін қайта тәрбиелеу жұмысына оралмау үшін, әуелден дұрыс тәрбие беруге тырысу керек» деген пікірін ұмытпаған жөн. Құқықтық тәрбие берудің негізгі мақсаты – оқушыларда құқықтық мәдениет пен құқықтық әрекет-қылық қалыптастырып, оларды құқықтық заңдылық талаптарын түсінуге әрі мойындауға баулу. Оқушылардың құқықтық білімдері және заң алдындағы жауапкершіліктерін арттыру мақсатында, жасөспірімдерді қылмыстық әрекеттерден бойларын аулақ ұстауға шақырды. Қылмыстық жауапкершіліктің түрлерімен таныстырды. Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыс жасау бүтінгі қоғамның күн тәртібінен түспейтін түйткілді мәселе екендігі туралы түсінік жұмыстарын жүргізді. Жиналыс барысында қылмыстың алдын алу, баланың бұрыс жолға түспеуі, ата-ананың, мектеп пен мектеп инспекторларының бірлескен іс-қимылына байланысты екендігі туралы айтылып өтті.



«Эстафеталық»жарыс Салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша жұмыстар.

Адамдар мен қоғамның салауаттылығы — бүкіл өркениетті әлем үшін әлеуметтік сипатқа ие болып отыр.Бүгінгі адам салауатты өмір мен денсаулық мәдениетін игермей тұрып, өзін білімді адам деп санай алмайды. Себебі әрқайсымыздың денсаулығымыз бұл жеке байлық ғана емес, ол сонымен қатар еліміздің дамыған елу елдің қатарына қосылуы үшін де қажетті шарт. Яғни адамдардың денсаулығы да сол елдің өркениеттік деңгейін танытатын маңызды факторлардың бірі. Ал денсаулықтың негізгі шарты- мәдени орта, салауатты өмір салты. Сондықтан да Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2030» стратегиялық бағдарламасында «Салауатты өмір салты әрқайсымыздың дене тәрбиесімен айналысуымызға, дұрыс тамақтануымызға, тазалық пен сауықтыру шараларын сақтауымызға бағытталған» деп атап көрсеткен. Мектебімізде,ұстаздар арасында командалық эстафеталық ойындар өткізілді.



«Ұлттық сана-ұлттық ойын»

Ойын тәрбие құралы арқылы ақыл - ойды кеңейтеді, тілді ұстартады, сөздік қорды байытады, жақсы ұтысады және өзінің денсаулығын нығайтады. Халқымыз ойындарға тек балаларды алдандыру ойына ғана шектеліп қалмапай, жас ерекшеліктеріне сай, олардың көзқарастарын, мінез - құлықтарын қалыптастыру құралы деп те ерекше бағалаған. Ойынды сабақта қолдану оқушының ой - өрісін жетілдіру мен бірге, өз халқының асыл мұраларын бойына сіңіріп, кейінгі ұрпаққа жеткізе білу құралы деп білген. Бос уақытта әртүрлі ойындар ойнаған баланың денсаулығы үшін өте пайдалы. Жастардың ұлттық сана - сезімінің дамуында қазақтың ұлттық ойындарының алатын орны айрықша.



«Мұражайға саяхат»

Музей қоғам мүшелеріне, жас ұрпаққа тәлім-тәрбие беретін ғылыми-мәдени және рухани мекеме болғандықтан, бүгінгі тәуелсіз еліміздің жас ұрпақтарының ұлттық сана-сезімінің өршіл болып қалыптасуына және оларды отаншылдық рухта тәрбиелеу үшін қазіргі заманға сай, ғылыми негізде жүйеленген білім беру болып табылады. Осындай мақсатпен мектебіміздің дене шынықтыру пәні мұғалімі және 5 "а" сынып жетекшісі Байлау Жұрағат 5 "а" сынып оқушыларымен Қазақстан Республикасының Ұлттық Музейіне экскурсиялық саяхат жасады. Музей тарихпен тілдесудің баға жетпес орны.



«Бала құқығы-асыл қазына»

Мектебіміздің құқық негіздері пәні мұғалімі Ташетова Назгуль Булекбаевна "Бала құқықтарын қорғау" апталығында жоғары сынып оқушыларымен "Бала құқығы - асыл қазына" тақырыбында тәрбие сағаттарын өткізді.

Басты мақсаты: бала құқықтарын қорғау Конвенциясымен, оның негізгі баптарымен таныстырып, оқушылардың құқықтық сауаттылығын көтеру болды.



Мектебімізде “бала құқығы асыл қазына” атты сыныптан тыс сабақ пен ашық сабақтар өткізілді.:

Мақсаты: а) Адам құқықтарын сақтау, өз құқықтарын мен міндеттерін жүзеге асыруға дайындық қабілеттілігін қалыптастыру.

ә) Оқушыларға адам құқығы, бала құқығы, құқықты алаң, оқушының құқығы мен міндеті ұғымдарын меңгерту, проблемалық жағдаяттарды құқықтық тәсілмен шешуге үйрету.

б) Оқушыларға өз құқықтары мен еркіндіктерін шектеп ұстау міндеттілігі туралы, құқықтық нормативтік актілерді орындай, құрметтей білуге үйрету, адамгершілікке, елжандылыққа, құқықтық сауаттылыққа тәрбиелеу.



«Нан-тамақтың атасы»

“16 қазан Халықаралық нан күні” 2019 жылғы қыркүйекте Үкіметтің қаулысымен Қазақстан Республикасының мерекелік күндерінің тізбесіне толықтыру енгізілді, соған сәйкес 16 қазан - Нан күні болып белгіленді



Нан-ең маңызды және ең танымал және сүйікті тағамдардың бірі. Барлық уақытта және барлық халықтарда нан ерекше құрметке ие болды және үстелде басты орын алды. Ал Қазақстан үшін нан экспорттың маңызды бабы болып табылады.



Астық және нан өнімдерінің жоғары мәртебесін нығайту мақсатында мектебімізде ұжыммен бірге мерекелік шараны ұннан жасалған тағамдарды әзірлеп мол дәстүршілікпен жасалды. Ұстаздарымыз шараны “Бағамен ер көгерді” - деп халқымыз айтпақшы бағамен аштық, “Нан болса ән болады” - демекші ұстаздарымыз дәстүрлі қазақ әндеріміз бен қазақ күйі де тартылды.

«Қолөнер-сырлы өнер»

Қасиетті күз мезгілін бір сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Күз - байлық, күз - молшылық, күз - қуаныш, күз - шагтық. Мектебімізде алтын күз мерекесіне орай ұйымдастырылған "Қолөнер-сырлы өнер" атты тақырыпта 1-2 сынып оқушылары арасындағы ең керемет көрмемізді қабыл алыңыздар!



«Күз ханшайымы мен ханзадасы»

Өнер десе жайнаймыз,
Сандуғаштай сайраймыз.
Алтын күзге арнаған
Әнімізді шыраймыз.

Мектебімізде "Алтын күз" мерекесіне арналған парада 5-6 сынып оқушылары өз өнерлерін көрсетті.



«Озық ойлы оқушылар»

Мектебімізде қазанның 19-ы күні «Нақты ғылым дүние кілті бүгінде...» атты мектепте өткізіліп жатқан математика және информатика пәндер атталығының жоспарына сәйкес 7-8 сынып оқушылары арасында «Озық ойлы оқушылар» атты сыныптан тыс сағат өткізілді. Шараны математика пәні мұғалімдері Ашимханова Нұрғұл Ридахановна мен Құрманбаева Айнұр Сағатовна өткізді. Шараны өткізу мақсаты: оқушыларды заман талабына сай білімді де білікті, интеллектуалдық потенциалы жоғары, шығармашылық ойлауы қалыптасқан, теориялық білімдерін практикада қолдана білетін азамат етіп тәрбиелеу, пәнге деген қызығушылықтарын арттыру болды.



Шара сайыс түрінде өтті. Оқушылар 2 топқа бөлінді. Сайыс үш кезеңнен тұрды: «Бәйге» сайысында оқушылар математика және информатика пәні бойынша сұрақтарға жауап берсе «Ғажайып үштік» сайысында күрделілігі әртүрлі сұрақтар мен математика және информатика негізін қалаушы тұлғаларды суреттері бойынша ажырата білу дайындықтарын көрсетті. «Тәжірибе алаңы» сайысында оқушылар олшеу жұмыстарын жүргізіп, жер теліміне шыршаларды орналастыру бейнеліктерін көрсетті. Сондай-ақ топ капитанының салған суретіне қарап, топ мүшелері қазақтың санға байланысты айтылған мақал-мәтелдерін шешу шеберліктерін көрсетті. Сайыс соңында топ жеңімпаздары анықталып, мадақтамалар табыс етілді. Сайыс оқушылардың қызығушылықтары мен белсенділіктерін көрсетті.

«Ерте жүктілік және оның жасөспірім қыз балалардың денсаулығына зияны» Тақырыбы: Ерте жүктілік және оның жасөспірім қыз балалардың денсаулығына зияны

Мақсаты: Әлемде, жалпы елімізде болып жатқан келеңсіз оқиғалардың алдын алу және қыз балалар арасында кездесетін ерте жүктілік, оның денсаулыққа қауіптілігі туралы түсіндіре отырып қыз бала тәрбиесіне дұрыс көңіл бөлуге ақыл-кеңестер беру. Жоғарғы сынып оқушы қыз балаларына.

«Ерте жүктілік және оның жасөспірім қыз балалардың денсаулығына зияны» туралы баяндама оқылып, «Ерте жүктілік және оның алдын алу» туралы слайд көрсетілді.



«Шамадан тыс тамақтану»

Мектебімізде медбикелер мен әлеуметтік педагогтың қатысуымен балаларға «шамадан тыс тамақтану» тақырыбында танымдық жиын өткізілді. Оқушыларға дұрыс тамақтанбаудың зияны мен оның әсерінен болатын түрлі аурулар туралы ақпарат берілді



«Ақмола жұлдыздары» Әрбір адамның жүрек түкпірінде бір сикыр бар секілді. Бұл ғажайып сырға толы сандықта неше түрлі армандар, мақсаттар бар десенші! Ал бұл сандықтың ең түбінде немесе кейде жарық жұлдыздай алға шок етіп шығатын бір нәрсе бар. Бұл не деп ойлайсыздар? Бұл тамаша нәрсенің аты - өнер. Өнер – әр адамның бойындағы белгілі бір күдірет күші секілді... Өнерлі адам - өрге жүзеді, - демекші, өнердің күдіреттері арқылы әрқашанда биік шыңдарды бағындыратынымызға еш күмән жоқ. Мектебіміздің оқушылары мен ұстаздары аудандық «Ақмола жұлдыздары» байқауына арнап ән, би, күй, монолог, театрлық қойлымдарын дайындады.



« Мен ерекше баламын»

2021 – 2022 жж. оқу жылының жылдық жоспарына сәйкес 3, 4 – сынып оқушыларының психодиагностикалық картасы толтырылды. 3 – сынып оқушыларымен « Мен ерекше баламын» тақырыбында әңгімелесу жүргізілді. Әңгімелесу нәтижесінде оқушылардың қызығушылықтары мен өз – өзін бағалау деңгейі анықталды.

Сонымен қатар, жанадан келген оқушылар мен 2, 3 – сыныптан 3, 4 – сыныпқа көшкен оқушылардың мектепке бейімделу мен тәрбиелік деңгейін анықтау мақсатында сабақтарына қатыстым. Сабақ өткізілу барысында оқушылар мұғалімнің қойған сұрақтарына жауап беріп, сабаққа белсенді қатысып отырды.

Психодиагностикалық жұмыстарды ойдағыдай атқару мақсатында, 3, 4 – сынып ата – аналарына келісімшарт толтыру жұмыстары жүргізілді.

Жанұядағы сыйластыққа, адамгершілікке, инабаттылыққа тәрбиелеу. Отбасының бірінгін сақтап, ата – ана алдындағы парызын өтеуге, еліміздің жақсы азаматы болып өсуге, жанұяның мақтаны болуға тәрбиелеу мақсатында «отбасы сыйласытық орнаған ортам» тақырыбында 3 – сынып оқушыларымен психологиялық тренинг өткізілді. Тренинг барысында оқушылар отбасы құндылық ағашына отбасындағы құндылықты қалай түсінетінін жазып жапсырды.



Қараша айында арнайы медтоп есебінде тұрған және дене шынықтырудан босатылғаң оқушылардың тізімі анықталып, сынып жетекші, әлеуметтік педагог тарапынан жұмыстар жүргізілді.

Оқу қиындықтары бар оқушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу барысында сынып жетекші мен әлеуметтік педагог тарапынан жұмыстар жүргізіліп, тәрбие ісінің меңгерушілерімен сабақтарға қатысу ұйымдастырылды.

«Қоғамға қызмет» әлеуметтік еріктілер жобасы негізінде сынып жетекшілер, әлеуметтік педагог, тәрбие ісінің меңгерушілері аз қамтылған оқушылар отбасыларына көмек беру барысында көмек қолын берер тұлғалармен кеңесіп, жұмыстар ұйымдастырылды.

«Қауіп-қатер тобындағы» оқушыларды қадағалау барысында сынып жетекші, әлеуметтік педагог, мектеп психологтары, тәрбие ісі меңгерушілері бірлесе топтағы оқушылар отбасыларымен жұмыс жасап, пән сабақтарына қатысып, жұмыс түрлерін ұйымдастырды.

«Өз жеріңді тап» саяхат ұйымдастыру барысында 7-8-сынып жетекшілері, тәрбие ісінің меңгерушілерімен бірлесіп саяхат түрлерін ұйымдастырды.



Мектептегі сабақты көп босататын, іс-жүзінде оқу материалын білуде қиындықтары бар оқушыларды анықтауға қатыса отырып сынып жетекшілері мен тәрбие ісінің меңгерушілері ата-ана, оқушылармен жұмыстар жүргізді.

«Адам бойында бәрі де әдемі, сұлу болуға тиіс» тақырыбында қыздар жиналысын ДТЖО, мектеп психологтары, мектеп медбикелері, әлеуметтік педагог, сынып жетекшілер(5-11 сыныптар) арасында ұйымдастырды.



«Тәуелсіз елдің ұрпағы» тақырыбында көшбасшы балалармен тәрбие жөніндегі орынбасарлар, аға тәлімгер дөңгелек үстел ұйымдастырып, мектептегі жұмыстардың ұйымдастырылу бағытына кеңестер айтылды.

«Адамзаттың ұлы ұстазы» тақырыбында Ыбырай Алтынсариннің 180 жылдық мерейтойы қарсаңында қазақ тілі мен әдебиеті бірлестігі, тәрбие ісінің меңгерушілерінің ұйымдастыруымен оқулар өткізілді.



«Балалар не туралы армандайды» тақырыбында «Үздік блогер», «Қазақстан балалары туралы үздік пост», «Ел ересектеріне арнаған үздік үндеу» номинациялары онлайн форматта сайыс ұйымдастырылды.

«Бала тәрбиесі – отбасы мен мектептің ажырамас бөлігі» тақырыбында жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысы өткізілді.

Мектепшілік жалпы ата-аналар жиналысы

Күн тәртібі:

- 1. 2021-2022 оқу жылындағы із қосқан қорытынды бойынша балалармен қарым-қатынас / Оқу ісін меңгерушілері: Хасанжанова К. М., Құдайбаева М. А.
- 2. 2020-2021, 2021-2022 оқу жылындағы оқу-тәрбие ісін меңгерушілерінің жұмыстарының / Нұржанов А. А.
- 3. 12-18 жас аралығындағы жасөспірімдерге СОМ тәрбиесі акцияларының мәселелері / Байнұр дари Мейірбекова, Инатия Жарылқасыпқызы.
- 4. Ақпарат

Жалпы ата-аналар жиналысының нәтижелері:

Тарап	Төраға	Төраға орынбасары	Төраға орынбасары орынбасары	Төраға орынбасары орынбасары орынбасары	Төраға орынбасары орынбасары орынбасары орынбасары	Төраға орынбасары орынбасары орынбасары орынбасары орынбасары	Төраға орынбасары орынбасары орынбасары орынбасары орынбасары орынбасары	Төраға орынбасары орынбасары орынбасары орынбасары орынбасары орынбасары орынбасары	Төраға орынбасары орынбасары орынбасары орынбасары орынбасары орынбасары орынбасары орынбасары	Төраға орынбасары орынбасары орынбасары орынбасары орынбасары орынбасары орынбасары орынбасары орынбасары
Ата-аналар	Хасанжанова К. М.	Құдайбаева М. А.	Хасанжанова К. М.	Құдайбаева М. А.	Хасанжанова К. М.	Құдайбаева М. А.	Хасанжанова К. М.	Құдайбаева М. А.	Хасанжанова К. М.	Құдайбаева М. А.
Мектеп	Хасанжанова К. М.	Құдайбаева М. А.	Хасанжанова К. М.	Құдайбаева М. А.	Хасанжанова К. М.	Құдайбаева М. А.	Хасанжанова К. М.	Құдайбаева М. А.	Хасанжанова К. М.	Құдайбаева М. А.

«Тәуелсіздіктің нұры-тұңғыш ЕЛБАСЫ!»

Мектеп оқушыларының қатысуымен «1 – ЖЕЛТОҚСАН ТҰҒЫШ ПРЕЗИДЕНТ КҮНІ» меркелік концерт өтті. Оқушылар елбасының өмірі мен қызметі жайлы мағлұматтар беріп, арнау өлеңдерін оқып, әндерін шырқады.

Мақсаты: «1-желтоқсан-Тұңғыш Президент күні» мерекесінің мәнін ашу. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың өмір жолы, туып өскен, оқып білім алған, қызмет еткен жерлері туралы мағлұмат беру;

Елбасындай Отанның, халқын сүюге, нағыз азамат, шынайы патриот болуға тәрбиелеу; оқушылардың бойында Елбасына деген сүйіспеншілік, құрмет сезімін қалыптастыру.

Еліміздің тәуелсіздігі мәңгі болып, қазақ елі ертегідей күн кешіп, татулық пен тұрақтылықты ту етіп келеді. Сондықтан егемендігіміз баянды болып, халқымыз аман, ел жұртымыз тыныш болсын деп тілейміз.



«Тәуелсіздік-ұраным, көкке самға ұланым!»

Арпалы ауданындағы И.Құтпанұлы атындағы жалпы білім беретін орта мектебінде Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына және Жібек жолы ауылында білім ошағының ашылғанына 20 жыл толуына орай «Тәуелсіздік-ұраным, көкке самға ұланым!» мерекелік кеш өтті.



"Біздің Отанымыз-Қазақстан"

Менің Отаным - Қазақстан

Мақсаты:

Білімділік: Жас ұрпақты Отанын сүюге, еліміздің рәміздерін қастерлеуге, бай - қуатты ел екендігін мақтан етуге үйретіп, туған еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттырып, махаббат сезімін ояту;

Дамытушылық: Отанын, туған жерін қорғай білуге, халқымыздың талантты ақындарының өлеңдері мен ата - бабаларымыздың өнгеге етіп қалдырған даналық сөздері арқылы оқушыларды ұлтжандылыққа, атамекенін көздің қаршығындай сақтай білуге, патриоттық сезімге тәрбиелеу;

Тәрбиелік: Ойларын жүйелі түрде жеткізе білу, шығармашылықпен жұмыс жасап, мәнерлеп өлең оқып, мағынасын түсіне білу дағдыларын дамыту.

Біз бүгін ата - аналармен бірлесіп отырып, «Менің Отаным - Қазақстан» тақырыбында тәрбие сағатын өткелі отырмыз. Оту барысында өз Отанымыз туралы ой - пікірлерімізді ортаға салып,, Отандарына арнап салған суреттеріңді көреміз, өз ойларыңнан жазған шығармаларыңды тыңдаймыз.

- Біздің еліміз - жерінің кеңдігімен қатар, табиғи байлығы да мол мемлекет. Өріс толы малы, тайдай тулаған балығы, тейіздей толқыған егіні, дала толы аң - құсы, таусылмас кен байлығы да жеткілікті, мол.(слайдтан көрсетіледі)



«Мен - өз Отанымның батыл қорғаушысымын»

15 желтоқсан мектебімізде 7-11 сынып оқушыларымен ҚР Тәуелсіздігін 30-жылдығын атап өту, оқушыларды патриоттыққа баулу мақсатында «Мен - өз Отанымның батыл қорғаушысымын» атты әскери - патриоттық сайыс өткізілді.



«Жас Ұлан»балалар мен жасөспірімдер ұйымына салтанатты түрде қабылдау рәсімі

Желтоқсанның 15-і күні мектебімізде Тәуелсіздік күніне орай ұйымдастырылған 5-ші сынып үздіктерін Республикалық бірыңғай «Жас Ұлан»балалар мен жасөспірімдер ұйымына салтанатты түрде қабылдау рәсімі өткізілді. Жасұлан – жігерлі де жайдарлы ұйым. Төл мерекен жыл сайын тойланды ұйым!Жаңғырып, жанданатын жылдан – жылға Жасұлан – жалынды ұйым, айбарлы ұйым. «Жас Ұлан» ұйымының негізгі мақсаты - оқушылардың қоғамдық, әлеуметтік, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту. Ал міндеттері - әлеуметтік тәжірибені байыту және дамыту, мектептегі тәрбиелік әлеуетін жүзеге асыру болып табылады.

Ризамын деп осындай жастық шаққа. Не жетер «Жас Ұлан» деген лайық атқа.Келеміз егеменді ел төріне өрлеп, Ашылып алдымыздан алтын қақпа.«Жас Ұлан» ұйымына қабылданған оқушыларға туымыз түсетес көгілдір галстук және де арнайы төс белгілер табысталды.Жас Ұландар әні шырқалды.Құрметті, оқушылар «Жас Ұлан» ұйымына қабылдануларыңызбен құттықтаймыз! Егеменді еліміздің еңселі азаматтары болуларыңызға тілектеспіз!!!



«Тәуелсіздік – орындалған арман. Қазақстан жолы!»

Тәуелсіздіктің бесігінде 30 жыл тербелген қазақ елі, 30 жылдық тәуелсіздігің құтты болсын!

Желтоқсанның ызғары да, қатып қалған мұңдары да, қазақ жастарын қорқыта алмады, қайсарлықпен боландыққа қарсы тұрған желтоқсаншы жастарға бас иеміз! Ата-бабалардың аңсауымен, желтоқсаншы жастардың қайсарлығымен Тәуелсіздік есіңден еніп, жанымызға шаттық сыйлағалы міне 30 жыл, 30 жас. Отыз жылда ел жаңа, еліміз көрсейіп, жеріміз жандануда, бар әлемнің назары біздің елімізде. Қазақстанды бүкіл әлем таниды десек қате айтқанымыз емес. Аз уақытта бойын тіктеп, басқа шет елдерге үлгі бола біген еліміздің 30 жылдығы, 30 жасы құтты болсын қазақ елі! Қазақтығымыз бітіпесін, азат күніміз бітіпесін! Қазақ тіліміздің тұғыры берік боп, елдігіміз жандана берсін! 30 жылдығың 100 жылдыққа ұласып, шаттығың мен бақытың ортаймасын! Қазақ елі жасай берсін! Қазақстан жасай берсін!



«Қоғамдық тәртіп негіздері» дебат

Дебаттың тақырыбы: «Қазақстанның экологиялық шараларының жақсартылуы көңіліңізден шыға ма, әлде жоқ па?»

Мақсаты:

1. Қоғамдық ортаның ластануы мен қоғамның экологиялық мәселесі туралы білімдерін тереңдету, экологиялық және генетикалық сауаттылыққа тәрбиелеу, патриотизмге және әлеуметтік проблемаларды шешудегі белсенді өмір ұстанымына тәрбиелеу.
 2. Оқушылар өз ойларын тиянақты жете айта біліп, сахнада өздерін сабырлы әрі тәртіпті ұстауды ескеріп, қарастырылатын тақырыпты тыңдай білуге тәрбиелеу;
 3. Оқушыларда адамдық қасиеттер туралы толық ой қалыптастыру, оқушылардың тапқырлық, ізденімпаздық қасиеттерін қалыптастыру, шығармашылыққа баулу.
- Бүгінгі таңда Қазақстанның экологиясы кімге жақсы, кімге жаман, ол әркімнің өзіне аян, бірақ бүгінгі ұрпақ ол туралы не ойлап жүр? Бәрімізді мазалайтын өзекті мәселелердің бірі жеріміздің экологиясы болып отыр. Оны жақсарту шаралары көңіліңізден шыға ма, әлде жоқ па? Осы сауалға жастарымыз қалай жауап береді екен? Жалпы осы жергілікті экологиямы біздің өмірімізде қандай орын алады?

«Білекті бірді, білімді мыңды жығады» дейді қазақ. Экологиялық сауатымызды ашсақ, экологиялық білім алсақ, өз бойымызда экологиялық мәдениет қалыптастыруға талпынсақ адамзатты эконатты құтқаратынымыз сөзсіз. Екі топта өз пікірлерін қорытындылап болды. Енді осы жайлы өз ойларыңызды айтаңыздар. Ендеше, сөз тізгінін сарапшыларға береміз. Жүргізуші: Құрметті қатысушылар, ұстаздар мен көрермендер бүгінгі дебат пікірталас сайысымыз өз мәресіне жетті! Сондықтан бәріміз, жергілікті жеріміздің экологиясының жақсаруына көп үлесімізді қосайық!

Достар, жақсылыққа көп талаптан, Талапмен атың шыкса, сонда мақтан. Ақылды бала ешқашан бос жүрмес, Біз айтқан әңгіме бос емес!



ҚР Президентінің, облыс әкімінің және аудан әкімінің жаңа жылдық шыршасына баратын балалардың тіімін жасау

Ақмола облысы білім басқармасының Аршалы ауданы бойынша білім бөлімі Аршалы ауданының әкімінің қамқоршылықтағы үш оқушымызға бөлінген сертификаттарды мектебіміздің директоры Түркістанбаева Ақнұр Арысбаевна табыстаған болатын.

24 желтоқсан күні сағат 11:00 де «Жарқыра, жайна Жаңа Жыл-Тәуелсіз қазақ елінде» атты онлайн зум форматы арқылы өткізілген жаңа жылдық шыршасына Арғынбай Батима қатысты.

Өткен онлайн мерекелік шарадан кейін мектеп директорБатимаға 100 000 тг сертификат, кітап және мерекелік тәттілер қорабы берілген болатын. 27-желтоқсан күні әкім шыршасы онлайн форматта өтіп Арғынбай Батимаға, Токанова Аминаға және Арғынбай Жанеркеге 68 000 тг-лік Сертификаттар табысталды.



«Жасыл шырша жанында» тақырыбында мерекелік сынып сағаттары ұйымдастырылды.

Мақсаты: Балаларға жаңа жыл мерекесі туралы түсініктерін қалыптастыру, мерекелік көңіл-күй ортасын ұйымдастыру.



Оқушылардың мектепке келген уақытта дене қызу тексерісінен өткізу, оқушылардың медициналық маскаларын қалағалау мектеп медбикесі Рахимбекова Айман Зайырбековна жүктелген. Әр күні таңғы және түскі уақытта оқушылардың ден қызуы мен маскаларын тексеріп тұрады.

Маскасын ұмытқан оқушыларды сынып жетекшілері маскаммен қамтамасыз етеді.



Оқушылардың жеке бас тазалығын, формасын тексеру бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары мен мектеп медбикесі әр аптаның дүйсенбі күні сыныптарды аралап шығып, тексеріс жүргізеді. Мектеп формасын сақтамаған оқушыларға ескерту жасалып, ескертуді қабылдамаған оқушыларға жекелей жұмыс жасалады.



20 қаңтар күні, 9 сыныптың оқушыларымен «Қазіргі жастардың өмірлік басымдықтары» кәсіп таңдаудағы бағыттар бойынша кездесу өткізілді.

Мақсаты: Мектеп оқушыларының қызығушылықтары мен еңбек нарығындағы сұраныстар негізінде кәсіби бағдар беру жұмысының тиімді жүйесін құру. Оқушыларға мамандық бойынша керекті мәліметтер және ақпараттармен қамтамасыз ету.

Міндеттері:

- Оқушыларға ақыл-кенес беріп, кәсіби таңдауларына сәйкес жеке психофизиологиялық ерекшеліктерін ескеріп, денсаулықтарына байланысты, аймақтағы мамандарға сұраныстың қажеттілігін негізге алып мамандық таңдау жұмыстарын ұйымдастыру;
- Кәсіби білім беру аясында әлеументтік серіктестікті дамыту;
- Кәсіби білім беруде мекемелерімен бірлесіп бағыт беру алдындағы, кәсіби бағыт беру жұмыстарын ұйымдастыру;
- Кәсіби бағдар беруді оқу бағдарламасына, оқу-тәрбие үдерісіне енгізу.

Кездесу барысында оқушыларға «XXI ғасырдағы сұранысқа ие мамандықтар» жайлы ақпараттар айтылып, мектеп психологы Ташетова Назгүл Булекбаевна Е.А.Климовтың «Дифференциальді-диагностикалық сауалнамасын» оқушылардан алып, нәтижесін оқушылармен анықтап, сауалнамадағы көрсетілген мамандықтарға талдау жасалынды.



24 қаңтар күні «Батырлардың ерлігіне жүрегімізбен жақында» Ауған соғысы жауынгерлеріне арналған ерлік сабағын Әскери дайындық пәні мұғалімі Бабабекова Айгүл Серікқалиевна өткізді. Сабақ барысында Ауған соғысының тарихи мағынасын ашып, оқушыларға түсіндіріп, «Ауған соғысы» жайлы тереңірек мәлімет беріп, жас ұрпақтың патриоттық сезімдерін оятып, Отан үшін отқа түсіп қырынынан қиылған, жат жерде көз жұмған Қазақстан азаматтарын еске алып, жауынгерлердің қысқа ғұмырынан үлгі-өнеге, тарихи тағылым берді.



«Үнем – қоғам қуаты» атты 24-27 қаңтар аралығында сынып сағаттары өтті.

Мақсаты: Оқушылардың үнем туралы түсініктерін кеңейту, тілдік қорын дамыту, Үнемдей білуге ұқыптылыққа тәрбиелеу

3 «Д» сынып оқушыларымен сыныптан тыс сабағымыз өте жоғары деңгейде өтті. Оқушыларды «энергия», «су», «ақша» болып 3 топқа бөліп, әр түрлі мәселелер бойынша талқылады. Әр топ қалай үнемдеу керек екенін қорғап шықты. Бүгінгі өткізілген бұл іс-шара оқушылардың тұрмыстық жағдайларымен өте тығыз байланыста болды. Оқушылар күнделікті қолданып жүрген электр қуаты, су, ақша туралы мәлімет алды.



3 «В» сыныбымен өткізілген сынып сағатының көрінісі



25 қаңтар күніне бастап «Адал және сатылмайтын еңбек бейнесі» оқушылар арасындағы бейнеролик сайысы ұйымдастырылды. Оқушылар жемқорлыққа қарсы бейнежазбалар түсіріп, «Адал және сатылмайтын еңбек бейнесін» барынша сынақтауға тырысты.

«Дені сау ұлттың кілті-салауатты өмір салтында» атты 6 сыныптар арасында қысқы спорт панамен жарыс ұйымдастырылды. Оқушылар 2 кезеңнен тұрғын сайыс кедергілерінен өтіп, 6 «Г» сыныбы I орынмен, 6 «В» сыныбы II орынмен, 6 «Б» сыныбы III орынмен марапатталды.



6 «Г» сынып оқушыларының бейнежазба көрінісінен суреттер.



7 «Б» сынып оқушыларының бейнежазба көрінісінен суреттер



27 қаңтар күні Иманжүсіп Құтпанұлы атындағы орта мектебінде «Үздіктің үздігі- 2022 жыл» сынып жетекшілер байқауы өткізілді. Сайысқа бала жүрегіне жол таба білген, білім нәрімен сусындатып қана қоймай, бала бойына тәлім- тәрбиенің асыл қазынасын құя білетін, жас та болса ұстаз деген атқа лайық сынып жетекшілеріміз тәрбие жұмысын ұйымдастыруда өзінің озық педагогикалық тәжірибесін көрсете алған сынып жетекшілерге алғысымызды айтамыз.

Өскелең ұрпаққа тәрбие үрдісін жанаша ұйымдастыруда өзінің тәжірибесімен бөлісуде жоғары жауапкершілік танытқан: Аманхан Н., Баймұлдина С.Т., Асенова Э.Б., Берлибекова А.Т., Маукенова М.Б., Жұманова А.Н., Канафина І. «Алғыс хатпен» марапатталды.

III дәрежелі диплом және арнайы кубокпен сыныпта тәрбие жұмысын ұйымдастыруда өзінің озық педагогикалық тәжірибесін көрсете білген: Қапашева Қ.Е., Оңғарбаева Д.Б. марапатталды.

II дәрежелі диплом және кубок қазіргі қоғамдағы тәрбиенің ролін арттыруда шығармашылықпен ата-ана, мектеп арасындағы байланысты көрсете білген: Махадиева Г.М., Убекова Ж.А. марапатталды.

I дәрежелі диплом білім беру жүйесіндегі тәрбие үрдісін жетілдіруде дарындылығымен теориялық және кәсіби деңгейінің жоғары екенін көрсете білген: Салтанбаева А.К. марапатталды.

Сонымен бас жүлдені мектепшілік «Үздіктің үздігі» айдарымен өткен сынып жетекшілер байқауында сыныппен, ата-анамен жұмыс жасауда инновациялық және шығармашылық идеяларын шеберлікпен көрсете білген 4-ші сынып жетекшісі: Кереева М.Ж., Назтан А.Б. марапатталды.

Шығармашылық шыңдалуға әріптестермен тәжірибе алмасуда осындай байқаулардың өтуі жаңашылдыққа, ізденіске жетелейді. Сондықтан да осындай байқауды жылда өткізілуі дұрыс деп есептеймін.



29 қаңтар күні «Мылтық ату» сайысы өтті. Мақсаты: болашақ жеткіншектердің бойына отаншылдықты сіңіре отырып, оқушыларға интернационалдық тәрбие мен Отанын сүюге және оны қорғауға баулу.



29 қаңтар күні «Бала тәрбиесі баршаның ісі» ата-аналар комитетінің мүшелерімен жиналыс өткізілді. Жиналысқа әр сыныптың ата-аналар комитетінің төрайымдары шақырылды.

Жиналысты мектеп директоры Туркестанбаева А.А. ашып, келген ата-аналарды мектептің оқу процесімен таныстырып өтті.

Оқу жылының басынан осы уақыт аралығындағы оқушылармен жүргізілген жұмыс барысымен оқу, ғылыми, тәрбие процестері бойынша, педагог-психологтар мен әлеуметтік педагогтың, мектеп медбикесінің, тәлімгердің, логопед мамандарының атқарған жұмыстарының қортындысымен таныстырылды.

Мектеп автобусы, асхана бойынша ата-аналар тарапынан қойылған сұрақтарға толыққанды жауаптар берілді. Ата-аналар тарапынан айтылған ұсыныстар қабылданды, әсіресе оқушыларды ҰБТ-ға жауапкершілікпен дайындау мәселесі бойынша алдағы уақытта күшейтілістің болатынын айтты.



1. Ақпанның 1-і күні 1-4 сынып оқушылары арасында «Отбасылық таланттар» отбасылық шығармашылық фестивалі өткізілді. Өткізілген шараға ата-аналар, оқушылар өте белсенді ат салысты.

1. Отбасы – әр адамның шағын отаны. Ол қоғамның бір бөлшегі, от бар жерде өмір бар. Отбасында адамдардың алатын орны туралы түсінік беру. Жанұядағы ата-ана және бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту.
2. Адамгершілік, әдеп-иәбат тағылымын алуға, жақсы қасиеттерді бойына сіңіру, жақсыдан үйреніп, жаманнан жіренуге баулу.
3. Оқушылардың бойына ата-анаға деген сүйіспеншілігін, құрмет сезімін оғту, адал да парасатты ұл мен қыз тәрбиелеу.

2. Ақпанның 1-і күні, 9 сыныптың оқушыларымен «Қазіргі жастардың өмірлік басымдықтары» тақырыбы аясында кәсіп таңдаудағы бағыттар бойынша кездесу өткізілді.

Мақсаты: Мектеп оқушыларының қызығушылықтары мен еңбек нарығындағы сұраныстар негізінде кәсіби бағдар беру жұмысының тиімді жүйесін құру. Оқушыларға мамандық бойынша керекті мәліметтер және ақпараттармен қамтамасыз ету.

Міндеттері:

- Оқушыларға ақыл-кеңес беріп, кәсіби таңдауларына сәйкес жеке психофизиологиялық ерекшеліктерін ескеріп, денсаулықтарына байланысты, аймақтағы мамандарға сұраныстың қажеттілігін негізге алып мамандық таңдау жұмыстарын ұйымдастыру.

Кездесу барысында оқушыларға директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Айкынбаева Мадина Мұратқызы «XXI ғасырдағы сұранысқа ие мамандықтар» жайлы бейнежазба көрсетіп, ақпараттармен бөлісті, мектеп психологы Ташетова Назгул Булекбаевна Е.А.Климовтың «Дифференциальді-диагностикалық сауалнамасын» оқушылардан алып, нәтижесін анықтап, сауалнамадағы көрсетілген мамандықтарға талдау жасады.



3. Ақпанның 02-і күні Мұратхан Ақгүл 5-7 сыныптар арасында «Экология өмірдің соғып тұрған жүрегі» тақырыбында сыныптан тыс шара өткізді. Мақсаты: табиғатты қорғау, экологиялық тәрбие негіздерін қалыптастыру. Қоршаған ортаның сапасы және деңгейі туралы, сыртқы ортаның барлық факторларының бір-біріне байланыстылығы, оның ішінде біз және табиғат байланыстылығын білуге үйрету.



4. Ақпанның 03-і күні тарих пәнінің мұғалімі Тлеуова А.Б. 5 сыныптар арасында «Не? Қайда? Қашан?» тақырыбында викториналық сұрақтар арқылы интеллектуалды ойын өткізді.

5. 3 ақпан күні, психологиялық апталықта "Көңіл көтеріңкі ұстаздың еңбегі де жемісті" тақырыбында мектебіміздің жас мамандарымен тренинг өткізілді. Тренингті мектеп психологтары Ташетова Назгуль мен Қуан Ұлбүбі жас мамандардың психикалық көңіл-күйлерін көтеру, шығармашылық қабілеттерін бағалай білу, ұжымда сыйластық қарым-қатынас орнату мақсатында өткізді.



6. Ақпанның 03-і күні мектебіміздің психологы Ташетова Назгуль Булсбаевна 8 сынып оқушыларымен "Отбасы - бақыт мекені" тақырыбында түзету-дамыту жұмыстарын жүргізді. Мақсаты: оқушыларды жанұядағы сыйластыққа, адамгершілікке тәрбиелеу. Отбасында ата-анаға, бауырларына ізет білдіріп, ашу-ыза сияқты сезімдерден арылу арқылы өзара түсіністік орнату.



7. Ақпанның 5-і күні мектебіміздің әкімшіліктің ұйымдастыруымен (мектеп директоры А.А.Туркестанбаева, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары К.М.Хақимжанова) ұжымдағы ұстаздармен және оқушылармен "Оқуға күштар мектеп" кітап оқу жобасы аясында ұстаздармен оқылған кітаптарды талқылау бойынша аптаның соңғы жұмыс күні сенбіде әдістемелік күн жұмысы жүргізілді. Мұнда мектебіміздің 9 бірлестігіндегі барлық ұстаздар қамтылып, тек 3 бірлестіктің оқыған кітаптары бойынша талқылау жұмысы жүргізілді. Тарих пәні бірлестігінің ұстаздары Бауыржан Момышұлы "Үшқан ұя" және математика-информатика пәні бірлестігі Жүсіпбек Аймауытовтың "Психология" кітаптарының мазмұнымен таныстырды. Мектеп әкімшілігі бұл жұмыстардың барлығы ұстаздардың алдағы уақытта ізденіс жұмыстарына көп үлесін қосатынына үлкен сенім білдіреді.



8. Ақпанның 7-і күні 2022 жылдың қыңтар айының 24-і мен ақпан айының 4-і күні аралығында Иманжүсіп Құтпанұлы атындағы орта мектебінде орыс тілі мен әдебиеті пәні бойынша ұлы ағартушы, этнограф, ғалым Ыбырай Алтынсарин атамyzдың 180 жылдығына орай өтіп жатқан онкүндіктің аясында 3-8 сынып оқушылары аралығында "Оқуға күштар мектеп" - «Читающая школа» тақырыбында оқушылардың оқуға деген құштарлықтарын арттыру мақсатында акциямыз ұйымдастырылды.



9. Ақпанның 9-ы күні Мұқағали Мақатаевтың мәңгілік ғұмырға айналғанының бір дәлелі - жыл сайын туған күні қарсаңында Иманжүсіп Құтпанұлы атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде ақынға арналған әдеби кештің өтілуі. Бүгін де, 9 ақпан күні қазақтың ақын ақыны Мұқағали Мақатаевтың туған күніне орай қазақ тілі мен әдебиеті пәндері мұғалімдерінің ұйымдастыруымен «Мұқағали оқулары» өтті. Конкурсека 5-11 сынып оқушылары арасында 30 оқушы қатысты. Конкурстың мақсаты: оқушылар арасында Мұқағали шығармаларын насихаттау; шығармашылық қабілеттерін, тума талант, табиғи дарындарын анықтау; өлең сөзінің құдіретін жүрегімен түсіне білуге үйрету; жас ақындарға рухани қолдау көрсету. Конкурс «Айтып өткен ақында арман бар ма?», «Көкірегімде жыр сәулесі маздайды...», «Жыр эстафетасы» номинациялары бойынша оқушылар өз өнерлерін ортаға салды.

«Бас жүздеге» не болғандар - 5 сыныптар бойынша Солтан Акерке; 6 сыныптар бойынша Айдос Еңгілік; 7 сыныптар бойынша Теңелбай Сұлтан; 8 сыныптар бойынша Аргынбай Фатима. Ақынға арнау номинациясы бойынша Бас жүзде – Қуанышбай Айзере.

«Мен 21 ғасыр ұрпақтарының құрдасымын. Одан кейінгі ұрпақтың да туысымын» деген М.Мақтаев келішекті болжап кеткендей. Ақынның қорегендігіне еріксіз танданасың! Шынымменде, бүгінгі конкурстан түйгеніміз, бүгінгі ұрпақ ақын өлеңдерін мәнерлеп оқуда өз ішкі жан-дүниелерімен үндескендей сезім қалдырды. Ұйымдастырған: қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімдері: Сердалиева Жазира Кикбасина, Абдрахманова Айгүл Ертайқызы.



10. Ақпанның 12-і күні Иманжүсіп Құтпанұлы атындағы орта мектебінде ақпанның 11-і күні 6-шы сынып оқушыларының ата - аналарына "Білім алушылардың ерте кәсіби бейімделуін қамтамасыз ету" тақырыбы аясында жиналыс өткізілді. Жиналыс барысында мектеп директоры Туркестанбаева А.А. және мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орышбасары Хакимжанова К.М. ата-аналарға келесі оқу жылына арналған тиістік оқу бағдарламасын түсіндірді. Мұндағы тиістік оқу бағдарламасындағы ерекшеліктерді атап өтті. Соның ішінде жаратылыстану бағытындағы пәндерге оқушылардың тандау пәндеріне сәйкес математика, физика, химия, биология пәндеріне қосымша сағаттардың қосылатындығы жөніндегі ерекшеліктерімен таныстырып өтті. Және оларды 7-ші сыныптан бастап оқыған кезде 11-ші сыныпқа дейін сол тандау пәні бойынша бір бағытты ұстану және сол тандаған пәндері бойынша мамандықтың қандай түрлері бар екенін атап көрсетті. Жиналыста ата - аналар оқу процесінде түйткілді мәселелер бойынша сұрақтарына жауап алды. Жиналыста ата - аналар тарапынан, келесі жиналыста оқушылардың пәндік мониторингінің анықталуы және келесі ұйымдастырылған жиналысқа пән мұғалімдерінің де қатысуы жайында ұсыныстар айтылды.



11. Ақпанның 15-і күні 31.01-11.02.2022ж «Рухани құлдық өзегі» тақырыбында кітап көрмесі жасақталып, онда мектеп кітапханашысы Алимсейт Айгүль Қапашевнаның ұйымдастырылуымен өзін-өзі тану туралы мағлұмат алатын «Самопознание.kz», «Өзін-өзі тану» журналдарының топтамасы, Ұлы ақын Абай Құнанбаевтың еңбектері т.б өзін-өзі тану негізінде, баланың адамгершілік – рухани әлеуетін көтеру мақсатында ақпарат көздерімен толықтырылды.



12. Ақпанның 15-і күні 10 сынып оқушыларымен "Ардагерлер - асыл ерлер" атты ауган соғысының ардагерімен кездесу өткізілді. Ата-баба рухына дақ түсірмей, оқ пен отқа орана жүріп, елге абыроймен оралған қаһарман жерлесіміз Мұрзағұлов Берік Елубайұлымен кездесті. Мақсаты: Оқушыларға Ауган соғысы жайлы толық мәлімет беру;

Оқушылардың бойында өз Отанына шексіз берілген, патриоттық рухы жоғары, қайсар жауынгер ағалардың ерлігін үлгі ету; Ауган соғысында опат болған жауынгерлердің рухына тағзым етуге, есімдерін қастерлеуге тәрбиелеу, оқушыларға патриоттық тәрбие беру.



13. Ақпанның 16-ы күні 1-11 сынып оқушылары арасында "Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына орай" Ұлт ұстазы- Ахмет Байтұрсынұлы" тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді. Мақсаты: қазақ халқының әлеуметтік, саяси, мәдени, тарихи өмірінде орны айрықша зор тұлға-Ахмет Байтұрсынұлының халықтық тәлім-тәрбиелік ойларының негізінде оқушылар бойына адамгершілік, ұлтжандылық, отансүйгіштік қасиеттерді дарыту; ақын, қоғам қайраткері, педагог-ұстаздың құнды мұраларын дәріптеп, жас ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеу.



14. Ақпанның 16-ы күні дебаттық клубтары арасында аудандық пікірсайыс.

Жиырма үшінші ақпан күні дебаттық клубтар арасында аудандық турнирді Иманжүсіп Құтпанұлы атындағы жалпы орта білім беретін мектебі әкімшілігі ұйымдастырды.

Турнирдің мақсаты: жалпы білім беретін мектеп оқушыларының арасында мектепшілік дебаттық қозғалысты дамыту және насихаттау.

Турнирдің міндеттері:

1) Білім алушылардың жалпы мәдени ой-өрісін кеңейту, оқушылар арасындағы академиялық білім деңгейін көтеру, білім алушылардың шешендік сөйлеу өнері дағдыларын және сендіру әдістерін қалыптастыру, зияткерлік, шығармашылық қабілеттерін, зерттеу, ұйымдастыру дағдыларын, коммуникативтік біліктерін дамыту;

2) Қазақстандық қоғамда орын алған өзекті мәселелі жағдайларды талдау мен көпшілік алдында талқылау арқылы білім алушылардың позитивті, сыни ойлауын, жүйелі талдау дағдыларын, өз көзқарастарын, нақты мәселелерді шешу жолдары мен тетіктерін табу, дәлелдеме жасау өнерін қалыптастыру, парламенттік мәдениет элементтерін дамыту;

3) Оқушылардың демократиялық қоғамдағы азаматтық көзқарастары мен өмір сүру дағдыларын қалыптастыру, отансүйгіштік сезімін тәрбиелеу, туған өлкенің, елдің мәселелерін талқылау мен шешудегі жауапкершілік сезімін қалыптастыру;

Аудандық пікірсайысқа Аршалы ауданының білім ордаларынан 10 команда қатысып, білімдерін, сөзге мерген шешендіктерін көрсетіп, сөз бәйгесіне түсті. Дебат сайысында төрт айналым бойынша өнерлерін көрсетіп, командалар төмендегідей марапаттарға ие болды:

I орын – Абай атындағы Бұлақсай ауылының №2 жалпы орта мектебінің «Жаңа ғасыр» командасы;

I орын – Б.Тялинин атындағы Бірсуат жалпы орта білім беретін мектебінің «Ұшқыр ой» командасы;

II орын – Ж.Ташенов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің «Сөз мерген» командасы;

II орын – Иманжүсіп Құтпанұлы атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің «Ақиқат» командасы;

III орын – Иманжүсіп Құтпанұлы атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің «Жігер» командасы;

«Үздік оратор» - Қойгелді ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің спикері Байболат Еркебұлан;

«Үздік спикер» – Ж.Ташенов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің спикері Тарғын Амангелді;

«Үздік спикер» – Абай атындағы Бұлақсай ауылының №2 жалпы орта мектебінің спикері Салдатхан Аян; «Ең білімді ойыншы» - Сарыоба

ауылының №2 жалпы орта білім беретін мектебі КММ спикері Еркежан Бірғаным;

«Ең тапқыр ойыншы» – Б.Тялинин атындағы Бірсуат жалпы орта білім беретін мектебінің спикері Орахбай Жансерік;

«Ең сенімді ойыншы» – "Ақмола облысы білім басқармасының Аршалы ауданы бойынша білім бөлімі Михайловка ауылының жалпы орта білім беретін мектебі" КММ спикері Хурманшарип Арман ;

«Ең мақсатты ойыншылар» – «Ақбұлақ ауылының жалпы орта білім беретін мектебі»КММ «Патриот» командасы;

КММ «Жалын» командасы.

«Дебаттық креатив» – «Жалтыркөл ауылының негізгі орта мектебі»



15. Ақпанның 18-і күні мектепшілік жалпы ата-аналар жиналысы болып өтті. Жиналысқа әр сыныптың ата-аналар комитетінің төрайымдары шақыртылды.

Жиналысты мектеп директоры Түркістанбаева А.А. ашып, келген ата-аналарды мектептің оқу процесімен таныстырып өтті.

Оқу жылының басынан осы уақыт аралығындағы оқушылармен жүргізілген жұмыс барысымен оқу, ғылыми, тәрбие процестері бойынша, педагог-психологтар мен әлеуметтік педагогтың, мектеп медбикесінің, тәлімгердің, логопед мамандарының атқарған жұмыстарының қортындысымен таныстырылды.

Мектеп автобусы, асхана бойынша ата-аналар тарапынан қойылған сұрақтарға толыққанды жауаптар берілді. Ата-аналар тарапынан айтылған ұсыныстар қабылданды, әсіресе оқушыларды ҰБТ-ға жауапкершілікпен дайындау мәселесі бойынша алдағы уақытта күшейтілетін болатынын айтты.



16. 19 ақпан күні Иманжүсіп Құтпанұлы атындағы жашы орта білім беретін мектебінде мектепшілік «Үздік Жас маман - 2022» байқауы өтті. Байқаудың мақсаты: жас мамандардың педагогикалық-психологиялық, әдістемелік, шығармашылық қабілеттерін байқау, оқушылармен қарым-қатынас орната білу қабілеттерін шыңдау, әріптестері арасында өзіндік орнын қалыптастыру.



17. Ақпанның 21-і күні 1-11 сынып оқушылары арасында "Қауіпсіздік ережелері" тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. Күнделікті өмірде адам баласын қоршаған қауіп-қатер аз емес.

Қауіпсіздік ережелерін есімізге сақтайық.

1. Жолдан жауу жүргіншілерге арналған жерден өт
2. Жолдан өтерде алдымен солға ал бөлігіш жолақтан кейін оңға қара
3. Жолдан бағдаршамның жасыл түсі жанғанда ғана өт
4. Егер, жауу жүргіншілерге арналған жол болмаса жауу жүргінші жолдың шетімен қозғалысқа қарсы жолмен жүруге тиісті.
5. Жолдың машина жүретін бөлігінде ойнауға болмайды.
6. Келе жатқан машина алдынан жолды кесіп жүтірме.
7. Машинадан түскенде артынан айналып өту керек.

Құрметті оқушылар, қауіпсіздік ережелерін сақтауларыңызды өтінеміз!!



18. Ақпанның 21-і күні Мектебіміздің психологтары Қуан Үлбүбі мен Ташетова Назгуль ресурс орталығы оқушыларымен "Жүрек жылуы достықта, мейірімділікте және сыйластықта" тақырыбында тренинг өткізді. Тренингті өткізу барысында оқушылардың жаңа ортада өздерін жайлы, еркін сезініп, оқуға деген құштарлықтарын арттыру мақсаты алдыға қойылған болатын.



19. 24. Ақпанның 23-і күні «Туған өлкеме қамқорлық» тақырыбында 7-8 шығармашылық Мақсаты: Оқушылардың бойында Отан, туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыру, елін, жерін, тілін, әдет- гүрпын құрметтейтін жаны таза, адамгершілігі мол, өз Отанын сүйетін азамат етіп тәрбиелеу.



20. 23-ші ақпан күні Ақмола облысы, Зеренді ауданы, Шағалалы ауылының жоғары агротехникалық колледжінің базасында «Табиғат – тіршілік көзі» тақырыбында облыстық экологиялық олимпиадасы өтті. Олимпиаданың мақсаты: туған өлкенің экологиялық-өзкетану проблемаларына жастардың назарын аудару. Бұл олимпиадаға Иманжүсіп Құтпапұлы атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің оқушылары да қатысты. Жұмыстар директордың ғылыми-әдістеме ісі жөніндегі орынбасары Абдрахманова Айгуль Ертаевнаның жетекшілігімен жүргізіліп, оларға бағат- бағдар беріліп отырды.

Нәтижесінде ғылыми жобалар сайысында мектебіміздің оқушыларының жобалары әділ қазы алқаларының тарапынан жоғары бағаланды. «Экологиялық қонырау» номинациясы бойынша «Қоғамдық маңызы бар пластик заттар мен қағаздардың әлеуметтік өнімділігін арттыру» тақырыбымен 9 «Ә» сынып оқушысы Жауқар Сардар 1-орынға ие болды. Жетекшісі: география пәнінің мұғалімі: Мұратхан Ақтұл. «Болашаққа қадам – қуат көздерінің баламасы» номинациясы бойынша «Жоғары биіктіктегі жел генераторы» тақырыбымен 8 «В» сыныбының оқушысы Хусайн Шахизат 1-орынға ие болды. Жетекшісі: физика пәнінің мұғалімі Алтаев Нұрлан Алтайұлы.

Жеңімпаз оқушылар мен жетекшілерін жеңістерімен құттықтаймыз! Болашақта тек биіктерден көріне берініздер, ЖАС ҒАЛЫМДАР!

Директордың ғылыми-әдістемесі жөніндегі орынбасары: Абдрахманова А.Е.



Қазақ тілі мен әдебиеті онкүндігіне орай, Иманжүсіп Құтпанұлы атындағы орта мектебінде «Үлкен арман керек екен адамға» атты 6-шы сыныптар арасында Ахметбек А.А ұйымдастыруымен сыныптан тыс іс-шара өтті. 6 «А» сынып оқушылары Мұхтар Шахановтың «Арман» өлеңіне құрылған сахналық көрініс көрсетті.

Оқушылар ұтымты пікір білдіріп, өз армандарымен бөлісті. Жас ақындар арман жайында өлеңдерін оқыды. Ата-аналар мен ұстаздар бейнежазба арқылы бала күнгі армандарының қандай болғандығын, оның қалай орындалғаны жөнінде бала күнгі қызықтарымен бөлісті. Іс-шара қызықты өтті. Соңында оқушылардың орындауында Қайнар Алағезовтың сөзіне жазылған, Қ. Молжановтың әні «Түрлі арман» әні орындалды.



21. Ақпанның 24-і күні Мектебіміздің педагог-психологі Болатхан Әсел "Оқушылардың сабақтан тыс уақытын оңтайлы ұйымдастыру мәселелері бойынша ұсынымдар" туралы жаднама 2 сыныптарға дайындап, таратты.



22. Ақпанның 24-і күні Қазақ тілі мен әдебиеті онкүндігіне орай, Иманжүсіп Құтпаңұлы атындағы орта мектебінде «Үлкен арман керек екен адамға» атты 6-шы сыныптар арасында Ахметбек А.А ұйымдастыруымен сыныптан тыс іс-шара өтті. 6 «А» сынып оқушылары Мұхтар Шахановтың «Арман» өлеңіне құрылған сахналық көрініс көрсетті.

Оқушылар ұтымты пікір білдіріп, өз армандарымен бөлісті. Жас ақындар арман жайында өлеңдерін оқыды. Ата-аналар мен ұстаздар бейнежазба арқылы бала күнгі армандарының қандай болғандығын, оның қалай орындалғаны жөнінде бала күнгі қызықтарымен бөлісті. Іс-шара қызықты өтті. Соңында оқушылардың орындауында Қайнар Алағөзовтың сөзіне жазылған, Қ. Молжановтың әні «Түрлі арман» әні орындалды.



Наурыздың бірінші жұлдызында оқушыларды жанұяға, ата-анаға, үлкен-кішіге деген сүйіспеншілігін, сыпайылық қарым-қатынастарын дамыту, ризашылық пен алғыс, жақсы тілек, ізеттілік туралы түсінік беру, бір-бірімен үйлесімді қарым-қатынас жасай білуге үйрету, бейбітшілікте, татулықта өмір сүруге тәрбиелеу мақсатында «Алғыс айту – парызым!» күніне орай «Алғыс айту – парызым!» тақырыбында 1-11-сыныптарда тәрбие сағаттары өткізілді.



Наурыздың екінші жұлдызы ұлт азаттығы үшін күрескен елінің ері, сал, серілер дәстүрін ұстап, саятшылық құрып, суырып салма ақын, күрескер әнші болған Иманжүсіп Құтпанұлының 1931 жылы ОГПУ жанындағы үлгіктің шешімімен атылған күні. Атаулы күнге орай тау тұлғаның немересі, философия ғылымының докторы, профессор Иманжүсіпова Раушан Нұрханқызымен тағылымды кездесу ұйымдастырылды. Кездесу кіріспе сөзі Раушан Нұрханқызының ұлт азаттығы үшін аянбай күрескен асқар тұлға жайлы құнды деректермен бөлісумен басталып, тәрбие ісі менгерушісі Ұлболсын Тобылбаевнаның орындауындағы, сөзінің авторы мектебіміздің дарынды түлегі, Еуразия ұлттық университетінің Журналистика факультетінің түлегі, 2 курс магистранты, журналист, жас ғалым Серіков Әл-Фараби Теміржанұлы, әуенін жазған тәжірибелі ұстаз, музыка пәнінің мұғалімі Жантін Ардабек «Иманжүсіп – тау тұлға!» атты мектептің әнұранымен жалғасын тапты. Кездесу барысында мектеп оқушылары, аудандық «Иманжүсіп оқуларының» жұлдегерлері Есен Ұлан Иманжүсіп Құтпанұлына арнауымен, Торғасев Ерасыл ақын өлеңін жатқа мәнерлеп оқуымен өнерлерін көрсетіп, Раушан Нұрханқызының батасын алды. Мектебіміздің музыка пәні мұғалімі Абдрахманов Олжас «Ерейментау» әнін орындап, тыңдарманын тамсандырды. Мектеп директоры Туркестанбасва Ақнұр Арысбаевна Раушан Нұрханқызына тағылымды кездесудің себепкері болып, мектеп оқушыларын құнды деректермен қаруландырған елеулі еңбегіне алғыс білдірді. Кездесу қорытындысында мектеп оқушысы Махамбетов Асқар оқушылар атынан ұйымдастырушы мектеп әкімшілігіне, Раушан Нұрханқызына алғыс білдіріп, ұсыныс, пікірін айтты. Кездесудің тағылымды, әсерлі өтуіне себепкер болған қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Хусайн Ханат ұстаздың қорытынды сөздерімен аяқталды.



10-11-наурыз күндері (3-4-наурыз күндеріне жоспарланған) аралығында мектебімізде 1-11-сынып қыздары арасында «Көктем аруы», «Қыз сыны» сайыстары ұйымдастырылып өткізілді.

Мақсаты: Қыз балаларға адамгершілік, адалдық, әсемдік, әдемілік, іс - қимыл, жүріс - тұрыс, қыз сымбаты түрлерін терең түсіндіре отырып, олардың өнерлерін, ұшқыр ойларын, іс - әрекетке деген икемділігін анықтап бағалау, одан әрі дамыту. Сайысқа қатысушы қыздар кезекті бөлімдер бойынша өнер, білімсынасты.

1. «Мен қазақтың қызымын» таныстыру

(қатысушылар өздерін өлеңмен, әнмен, видеомен таныстырады).

2. «Зерделінің ойы озық» (салт - дәстүр бойынша сұрақтар қойылады).

3. «Өнерлінің өрісі кең» (Өз өнерлерін көрсетеді).


4. «Қыз еркем - өнерімен көркем» (Әр қыз өзінің қолынан келетін бір ісмерлік өнерін көрсетеді).

5. «Жас аспаз» бұл бөлімде аруларымыз өз қолдарымен тағам әзірлеп, видео материал негізінде қорғайды.

Қатысушылардың өнерлері, білімдеріне баға беріліп, қорытындысы шығарылды.



4-наурыз күні «Халықаралық әйелдер күні» мерекесіне орай «Анамызға мың алғыс» тақырыбында сынып сағаттары өткізіліп, мерекелік театрландырылған сазды бағдарлама ұйымдастырылды.



9-наурыз күні «Ғылым таппай мақтанба» («Абай» клубының жұмысы негізінде) интеллектуалды сайысты кітапханашы А.К.Алимсеит ұйымдастырды.



9-наурыз күні Дүниежүзілік туберкулезбен күрес күніне орай «Ауырмаймын десең...» тақырыбында мектеп медбикесі мен психологы 5-8-сыныптар арасында доңгелек үстел ұйымдастырды.

Туберкулездің алдын алу

- Салықтаң көп уақыт ұстап, көп тағамды айтпау
- Асқақ асқақтану, асқақтану, асқақтану, асқақтану
- Асқақтану, асқақтану, асқақтану, асқақтану
- Асқақтану, асқақтану, асқақтану, асқақтану
- Асқақтану, асқақтану, асқақтану, асқақтану
- Асқақтану, асқақтану, асқақтану, асқақтану
- Асқақтану, асқақтану, асқақтану, асқақтану
- Асқақтану, асқақтану, асқақтану, асқақтану



14-наурыз күндері «Мамандығым - мақтанышым» тақырыпта 9-11-сыныптармен мамандыққа бағыт бағдар беру мақсатында тәрбие ісі меңгерушілері мен мектеп психологы Н.Б.Ташетова түсіндіру, тренинг өткізді. Кәсіптік лицей, колледж, жоғары оқу орындарының мамандарымен кездесулер ұйымдастырылды.



Аталган күні окушыларды ҮБТ, қорытынды аттестаттауға дайындауды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу негізінде «Емтиханға өз-өзіне сенімділік» тақырыбында мектеп психологы Н.Б.Ташетова 11-сыныптарға жаттығулар өткізді.

Тренингтің мақсаты – Оқушыларға стрессік жағдайларды жеңе білуге және ҮБТ кезіндегі өздеріне сенімділіктерін арттыра түсуге көмектесу.

Тренингтің міндеттері:

- Емтиханға дайындық тиімділігін арттыру.
- Емтихан кезінде психологиялық тұрғыдан дұрыс ұстау.
- Ойлау жұмысын дамытуға әрекет ету.
- Шешуші сәтте өзін жұмылдыра білу.
- Өз эмоцияларын басқара алу.



16-наурыз күні Жібек жолы мектептерінің арасында дене шынықтыру мұғалімдері тоғызқұмалақ, дойбы, шахмат жарыстары, ұлттық ойындар бойынша турнир ұйымдастырып өткізді.



18-наурыз күні Иманжүсіп Құтпанұлы атындағы орта мектебінде «Ұлыстың ұлы күні - Наурыз» мерекесіне орай 1-11-сыныптарда мерекелік сынып сабақтары өткізіліп, «Қош келдің, Әз Наурыз» тақырыбында мектепшілік мерекелік концерт ұйымдастырылды. Мерекелік іс-шара мектебіміздің директоры А.А.Туркестанбаеваның құттықтау сөзі, қазақтың қара домбырасының сазды үнімен, шашумен ашылып, мектеп оқушыларының өнер көрсетуімен: ән, күй, би, әдеби монтаж, арт сән үлгісімен жалғасын тапты. Қорытындысында қазақтың көне қара жорға бйімен би биленіп, мектептің ұлағатты ұстазы, тәрбие ісінің меңгерушісі Ұ.Т.Ишмухамедованың орындауындағы «Шақырады көктем» әнімен сахна шымылдығы жабылды.

19-наурыз күні Иманжүсіп Құтпанұлы атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде мектеп әкімшілігінің ұйымдастыруымен, мұғалімдердің қатысуымен «Ұлыстың ұлы күні» наурыз мерекесіне орай мерекелік іс-шара ұйымдастырылды. Іс-шарада мектеп мұғалімдері өз өнерлерін көрсетіп, пән бірлестіктеріне жүктелген ұлттық салт-дәстүрлерімізді дәріптейтін қойылымдар қойып, ұлттық ойын түрлерінен сайыстар ұйымдастырылды.



Оқушылардың жеке бас тазалығын, формасын тексеру бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары мен мектеп медбикесі әр аптаның дүйсенбі күні сыныптарды аралап шығып, тексеріс жүргізеді. Мектеп формасын сақтамаған оқушыларға ескерту жасалып, ескертуді қабылдамаған оқушыларға жекелей жұмыс жасалады.



Дүниежүзілік денсаулық күніне орай «Дені сау ұрпақ-ел болашағы» атты тақырыпта оқушыларға түсіндірме жұмыстарын жүргізіп өтті. Оқушылар көксілерінде жүрген сұрақтарын қойып, ойларымен бөлісті.



Салауатты өмір салтын насихаттау барысында кабырға газеттер, буклеттер жасалып, жаднамалар таратылды.



«Напақорлық - 21 ғасыр індеті» тақырыбында 9-11 сынып оқушыларымен сынып сағаттары өткізілді.



10 «Ә» сынып оқушыларымен сәуір айының 8-ші жұлдызында «Нашакорлық - ғасыр дерті» тақырыбында тәрбие сағаты өтілді. Қатысқан бала саны 24 оқушы. Сынып оқушылары тәрбие сағатына түгелдей ат салысып қатысып отырды, өз ойларымен бөлісті. Өз оқыған кітаптарымен көрген фильмдерден мысалдар келтіріп, өмірмен байланыстырылды. Оқушыларға бос уақытты тиімді пайдалану, зиянды әрекеттерден аулақ болу керектігі айтылды. Қазіргі кезде етек алған Нашакорлық - бүкіл қоғамның қасіреті, болашағымызға қауіп төндіріп тұрған індет екені де кеңінен айтылды. Есірткі - химиялық тұрғыдан алғанда ұлы заттар мен олардың қосындылары болып табылатыны да айтылды. Нашакорлық ғасыр дерті деген тақырыпта қабырға газеті шығарылды.



1-4 сыныптар арасында «Жаман әдеттермен қоштасу» атты тақырыпта акция өткізілді. Акция аясында оқушылар арасында бейнежазба арқылы жаман әдеттерден арылу, жаман әдетке жол бермеуді насихаттайтын үндеулер жолдануда. 4 "А" сынып оқушысы Сайлаубек Адияр табиғатты ластамауды, табиғатты аялауды, табиғатты қасиет тұтуы керектігін айтуда.



"Жаман әдеттерден аулақ болайық" акциясы аясында 1 "Б" сынып оқушыларының бейнежазба жолдады. Ата-әжелеріміздің, ата-анамыздың және ұстаздарымыздың айтқан ақыл-кеңесін ойымызға тоқып, жаман әдеттерден аулақ болсақ, болашағы жарқын, адамгершілігі мол ұрпақ болып өсетіндеріне сенеміз!



4 "Б" сынып оқушыларының бейнежазбасында ұрлық жасаудың жаман іс екенін түсіндіріп, оның көптеген адамдарға зияны тиетінін, көп жанлар ұрлықтың кесірінен зардап шегетіні және сол жаман әдеттен аулақ болуға шақырады. "Ұрлық түбі - қорлық", яғни, ұрлықтың арты жақсы нәрселерге апармайды, керісінше, жаман қадамдарға жол ашатынын ескертуде.

1 "Д" сынып оқушысы Бекқали Қайсардың бейнежазбасын таманалаңыздар. Адамның рухани жан азығы саналатын кітап оқуға дағдылану әрі оның таңдап, талдап оқу қаншалықты пайдалы болса, оны асыл мұрадай сақтап, күтіп ұстау да соншалықты қажет нәрсе екенін дәріптеуде.

4 "В" сынып оқушылары Мұқан Аят пен Досмамбетова Айгүлдің жолдаған бейнежазбасын таманалаңыздар! Кітап – адам өмірінің таусылмас қазынасы дүниенің айнасы, ғылым – білімнің көзі, өнер мен тәрбие құралы, өмір күресінің ең мықты қаруы болатын ақылшы досың. Кітап – адам баласының ақыл ойынан туған рухани байлықты сақтап қалатын, оны ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отыратын құрал. Сондықтан кітапты жыртуға болмайтынын ескерті.

«Біз салаутты өмір салтың таңдаймыз!» тақырыбында флешмоб ұйымдастырылды.



Балалар мен жасөспірімдер арасында теріс діни ағымдағы жұмыстардың алдын-алу. Орамал (хиджаб) тағатын оқушылармен олардың ата-анасымен түсіндіру жұмыстарын жүргізу. И.Құтпанқұлы орта мектебінде 2021-2022 оқу жылынан бастап Қыстаубай Айша Алтайқызы 7 «э» сыныбының оқушысы, Астана қаласында 2008 жылы 20 шілде туылған, Қыстаубай Хадина Алтайқызы 5 «б» сыныбының оқушысы 2010 жылы 10 мамырда Астана қаласында туылған. Ата-аналары намаз оқып, аналары хиджаб киелді. Әкелері Батырбеков Алтай Қыстаубаевич Орталық базарда «қасашы», Кобенова Айгүль Топызбаевна үйде, жұмыс істемейді.

Дінисламбекқызы Акнұр 6 «б» сыныбының оқушысы- 2009 жылы желтоқсанның 30-ы күні Қарағанды қаласында туылған. Әкесі: Жайлаубай Денисламбек - Роза Бағланова атындағы мемлекеттік қазақ концерт ұжымының әншісі, анасы Ақатаева Сымбат Женисовнаа үйде, жұмыс істемейді.

Біз ол оқушылардың ата-аналарына баланың орта білім беретін оқу орнына сай киім кию керектігін айтқанымызбен еш нәтиже болмады. Біздің мүфтият хиджабты мектеп жасындағы қыздардың кимегені жөн деген қозғараста. Біз бұл оқушылардың ата-аналарына түсіндіру жұмыстарын жүргізіп жатырмыз. Бұған дейін де, алдын ал а ескерткен болатынбыз. Бірақ ата-аналары орамалды шешуге қарсы.



Мектебімізде кітапханашы Алимсейіт Айгүл Қапашенаның ұйымдастыруымен «Кітап оқу сәні» атты ай сайын оқуға кұштар мектебі жобасы аясында оқушылар кез-келген бос уақытында кітапхананың оқу бөлімінде кітаптар оқиды. Осы арқылы оқушылар өздерінің бос уақыттарын тиімді жүргізеді.



«Жер планетасы – біздің ортақ үйіміз!» атты 7-11 сынып оқушылары арасында сенбіліктер өткізілді. Сенбіліктің қоғамның назарын тазалық сақтауға аударып, экологиялық мәдениетті қалыптастыруда маңызы зор. Оқушылар мектептің ауласын қоқыстардан тазартып, қалдық заттардың барын жинап, ағаш жапырақтарын тазалау жұмыстарын жүргізді. Таза ортаның тынысы кең демекші, үрдіске айналған сенбілік мектебіміздің көркеюіне көп үлесін қосты.



«Мектепте ата-аналармен бірлескен жұмыстың негізгі жолдары» жұмысы аясында 1 сынып ата-аналары арасында "Толғағай" отбасылық спорттық сайысы өтті. Мақсаты: Ата-аналарды қатыстыра отырып, бұл сайыста баланы өмірде белсенді болуға, алға қойған мақсатты орындауға үйрету, қимыл-қозғалыс қабілеттерін дамыту. Балаларды шапшаңдыққа, төзімділікке, тәрбиелікке, салауатты өмір салтына тәрбиелеу. Сайыс нәтижесінде бас жүлдемен - 1 "Ә" сыныбы, I орынмен - 1 "Д" сыныбы, II орынмен - 1 "Г" сыныбы, III орынмен - 1 "Б" және 1 "В" сыныптары марапатталды.



4 сынып ата-аналары арасында "Топжарған" атты ата-аналар арасында волейболдан жолдастық кездесу өтті. Мақсаты: ата-аналар мен мектептің арасындағы қарым-қатынасты күшейтіп, салауатты өмір салтын насихаттап, спортпен шұғылландудың адам ағзасына пайданы екенін балаларына үлгі ретінде көрсету. Кездесу барысында ата-аналар спортқа деген қызығушылық танытып, салауатты өмір салтын нығайтуда өз үлестерін қоса отыра, жақсы көңіл күймен ойнады.

Ата-аналар арасында ұйымдастырылған спорттық шарамыз қызықты өтті, ата-аналарымыз осындай жарыстар бұдан әрі жалғасын таба берсін деген ниет білдірді. Жарыс қорытындысы бойынша:

Бас жүлдені - 4 "А" сыныбы,

1 орынды - 4 "Г" сыныбы

2 орынды - 4 "Б" сыныбы иеленді.



2-сыныптар арасында өткізілген

«КӨҢІЛДІ ЭСТАФЕТА» отбасылық спорттық сайысы өтті. Мақсаты: Балалардың қимыл-қозғалыстарын жетілдіру, түрлі спорттық ойын түрлерін еркін ойнауға үйрету, спортқа қызығушылығын арттыру және ата-аналар арасында қарым-қатынасты нығайту, салауатты өмір салтын қалыптастыру, ептілікке, төзімділікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу.

Сайысқа алты отбасы қатысты. Жеңімпаздар марапатталып, алғыс айтылды.

29-сәуір күні Иманжүсіп Құтпанұлы атындағы орта мектебінде 1-мамыр «Қазақстан халықтары бірлігі» күніне орай «Ынтымақ, бірлік, келісім – ең басты байлық ел үшін!» тақырыбында 8-10-сыныптар арасында мектепшілік сайыс өткізілді. Сайыста сыныптар жеребе бойынша алдын-ала таңдап алған ұлттар жайлы 3 сайыс кезеңі бойынша өнерлерін көрсетті.

1) Ұлтты таныстыру (презентация, видео материал);


2) Ұлттық ұлттық би өнерін көрсету;

3) Ұлттың ұлттық тағамын әзірлеп, таныстырылым жасау;

Аталған сайыс кезеңдері бойынша сыныптар өнерлерін ортаға салып, бар өнерлерімен тәңгі етті. Сайыс қорытындысы бойынша 8 «В»-сыныбы – Бас жүлде, 10 «А» - сыныбы – I орын, 8 «А» - сыныбы – II орын, 8 «Б» - сыныбы – II орын, 10 «Ә» - сыныбы – III орын, 8 «Ә» - сыныбы – III орын иеленді.



Мектебімізде "1 мамыр- Қазақстан халықтарының бірлігі" күні мерекесіне орай 3 "А" сыныптары арасында «Халықтар достасады-тілдер достасады» бірлік күніне арналған сайыс өтті. Мақсаты: көпұлтты Қазақстан Республикасының халықтар достығы – еліміздің бірлігінің кепілдігі екендігін таныту. Әр халықтың өнері, оның рухани байлығының негізін баланын жүрегіне өз ұлтының тілін, дінін біле отырып, өзге ұлттың рухани байлығын сыйлауға, құрметтеуге тәрбиелеу. Сайысқа 5 ұлттың өкілдері қатысты. Сайыс барысында әр ұлттың аты, ұраны таныстырылды. Мемлекеттік рәміздеріне сипаттама беріліп, ұлттық биі, әні орындалды. Сонымен қатар, сұрақтарға жауап берілді. Сайыс өте қызықты және тартысты өтті. Бас жүлдені -орыс халқы, I орынды - ағылшын және өзбек халқы, II орынды - беларус халқы, III орынды - қазақ халқы иеленді.



"1 - мамыр Қазақстан халқының бірлігі" күніне арналған мектебімізде 1-11 сыныптар арасында "Бір шаңырақ астында" тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді.

Сабактың мақсаты: Оқушылардың бірлік, ынтымақтастық туралы түсініктерін кеңейтіп, көп ұлтты халқымыздың тыныштығы мен бірлігін нығайтуға ат салысатын азамат болуға тәрбиелеу.



3-мамыр күні И.Құтпанұлы атындағы орта мектебінде 8-10-сыныптар арасында «Жігіт сұлтаны» сайысы өткізілді.

Сайыс: «Сәлем-сөздің анасы», «Білгенге мәржан», «Талантымен таң қалдыр», «Күш атасын танымас», «Шебердің қолы ортақ» кеңестері бойынша өткізіліп, қатысушы оқушылар өз өнерлерін, білімдерін, шеберліктерін жан-жақты көрсете отырып, көрерменнің көшеметіне бөленді.

Сайыс қорытындысы бойынша: Бас жүлдегі 9 «Б»-сынып оқушысы Таласпаев Саят, I орынды 9 «Ә»-сынып оқушысы Токтаров Нұрмұхамед, II орынды 10 «А»-сынып оқушысы Махамбетов Асқар, II орынды 10 «Ә»-сынып оқушысы Тұрғанбек Асланбек, III орынды 8 «В»-сынып оқушысы Қартанбек Жандәулет, III орынды 8 «Ә»-сынып оқушысы Зайт Бақдәулет, III орынды 8 «А»-сынып оқушысы Есен Бақдәулет иеленді.



4-6-мамыр күндері «Мамандығым – мақтанышым», «Тағдырынның кілті – өз қолыңда!» тақырыптарында 9-11-сыныптарда Жоғарғы оқу орындары, кәсіптік лицей, колледж мамандарымен, мектеп тәрбие ісінің меңгерушілері, психологтың ұйымдастыруымен кездесу өткізілді. Кездесу барысында оқушыларға мамандықтар, мамандықтардың ерекшелігі, мамандық таңдау бойынша нұсқаулықтар ұсынылып, түсіндіріліп өтті.



5-мамыр күні «Шынықсаң, шымыр боларсың!» тақырыбында 8-10-сыныптар арасында дене шынықтыру мұғалімдерінің ұйымдастыруымен қол күрес, зіл темір көтеру, арқан тартыстан сайыстар ұйымдастырылып, өткізілді.



06 мамыр күні мектебімізде алдағы екі мемлекеттік мерекеге арналған салтанатты іс - шара өтті: 7 мамыр - Отан қорғаушылар күні және 9 мамыр-Жеңіс күні.

Барлық сыныптарда ерлік сабақтарына арналған " Ерлік- елге мұра, ұрпаққа ұран" атты сынып сағаттары мен мерекелік концерт ұйымдастырылды. Отанымызды қорғаған азаматтардың және осы құрметті міндетті бүгінгі күні жалғастырып жатқан олардың ұрпақтарының патриотизм рухын, батырлығы мен ерлігін жалғастыру бозашақ ұрпақтың қолында. Еліміздің қорғаны-ер азаматтар жасай берсін!!!





06 мамыр күні мектебімізде 7 мамыр - Отан қорғаушылар күні және 9 мамыр-Жеңіс күніне арналған көрме ұйымдастырылды. Отанымызды қорғаған азаматтардың және осы күрметті міндетті бүгінгі күні жалғастырып жатқан олардың ұрпақтарының патриотизм рухын, батырлығы мен ерлігін жалғастыру болашақ ұрпақтың қолында.



Мектебімізде, 1-11 сыныптар арасында «Отбасы – тәрбие басы, мектеп – тәрбие жаршысы» атты бірыңғай сынып сағаттары өтті. Сынып сағатының мақсаты: отбасы тәрбие мәселелерінің өзектілігі, оқушылардың отбасындағы алатын білімін дамыту, әр адамның отбасындағы тұлға екендігін анықтау, баланың тұлға ретінде қалыптасуына отбасының рөлінің маңыздылығы, оның патриоттық көзқарасын қалыптастыру. 1-11 сыныптар арасында «Менің қымбатты және сүйіктілерім», "Бақытты адам өз үйінде бақытты" отбасылық фотосуреттер көрмесі өтті. «Менің отбасымның тарихы», «Отбасындағы бос уақытты өткізу дәстүрі» ашық тәрбие сағаттары. «Менің шежірем», «Менің отбасымның естелік күндері» атты өз отбасылары туралы әңгіме – презентациялар баяндалды. Отбасылық тәрбиенің мектеп өмірінде алатын орны өте маңызды.



2022 жылдың 21 мамыр күні мектебімізде 1-11 сыныптардың аралығында ата-аналар жиналысы өткізілді. ☒ Ата-аналар жиналысының күн тәртібіндегі негізгі мәселелері:

- Білім алушылардың ата-аналарына (заңды өкілдеріне) оқушылардың білім беру ұйымындағы тәртіп ережелерінің сақталуы мен сыныптың жылдық сапа көрсеткішін баяндау;
- құқықбұзушылықты және буллинг пен кибербуллингтің алдын алу;
- балалар мен жасөспірімдерге қатысты зорлық-зомбылықты болдырмау;
- оқушылардың жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздік шараларын қадағалау;
- ағымдағы әртүрлі мәселелер болды. Қорытынды ата-аналар жиналысында оқушылардың жазғы демалыстағы қауіпсіздігіне ата-аналар жауап беретіні ескертілді. Ата-аналар өздерінің тарапынан сынып жетекшілері, пән мұғалімдеріне сұрақтарын қойып, пікірлесулеріне жағдай жасалды.



2022 жылдың 21 мамыр күні 4 сыныптар арасында «Білім басы бастауыштан қаланаар, білімнен әлемге жол салынар» атты бастауышпен қолласу кеші өтті. Кеште оқушылар 4 жыл бойы алған білімдері мен үйренген өнерлерін ортаға салды. Мектеп директоры Түркістанбаева Ақнұр Арысбаевна қолласу кешімен құттықтап, 4 жыл ішінде мектебіміздің қоғамдық жұмыстарына белсене қатысып, шығармашылығының шеберлігін көрсете білген оқушылардың ата-аналарын алғыс хатпен марапаттады. Кеш барысында әр сыныптың орта буына барғанда жол бағыттап жүретін сынып жетекшілерімен таныстырды. Ата-аналар тарапынан құттықтау тілектері мен жарқын болашақтарына бата берілді.



24 мамыр күні мектебімізде, сағат 10.00-де 2-4 сыныптарға, 11.00-де 5-8, 10 сыныптарға арналған салтанатты жиын өтті. Салтанатты жиымымызға - Философия ғылымдарының докторы, ЕҰҰ профессоры- Иманжүсіп Раушан Нұрханқызы, педагогика ғылымдарының докторы- Қисымова Алина Қисымқызы, Жібек жолы ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы - Жакупова Даниял Шедірбекқызы, Киокушинкай –Қан қаратқандан Қара белбеу негері, Қазыр Феникс дамыту орталығының директоры және ИППОН клубының бас жаттықтырушысы, Қазақстан Республикасының бірінші дүркін чемпионы, Халықаралық турнирлердің жеңімпазы, Жылдың жас банкері -2019 - Қалияқбар Аян Қанатұлы, Еуразия ұлттық университеті, Журналистика факультетінің түлегі, қазіргі таңда Еуразия ұлттық университетінің 2 курс магистранты, журналист, жас ғалым – Серіков Әл-Фараби Теміржанұлы, ата-аналар комитетінің төрайымы- Сакенова Бибиғұл Қайратқызы қатысты. Жиын мектеп директоры Түркістанбаева Ақнұр Арысбаеваның құттықтау сөзімен басталып, 2021-2022 оқу жылының аяқтау бұйрығымен оқу ісінің орынбасары

Хакимжанова Кулия Мұратхановнаның сөзімен жалғасын тапты. 2021-2022 оқу жылы жетістігі мол жыл болды. Жыл қорытындысы бойынша мектебімізде "Жыл мұғалім-2022" - орыс тілі және әдебиеті пәні мұғалімі- Мажитова Дана Уалиханқызы, "Жыл оқушысы-2022" - 8 "В" сыныбының оқушысы Хусанн Шахизат, "Жыл сынып жетекшісі-2022" - 8 "В" сынып жетекшісі Бақытнұр Өркен және 4 "Г" сынып жетекшісі Серікова Айжан Серікқызы марапатталды. Мектептегі оқу озағтарын мақтау қағазымен және оқу үздігі төсбелгісімен марапатталды. 3 оқушы облыстық ғылыми жоба бойынша орын алып, 1 оқушы Абай оқулары байқауының облыстық деңгейдегі жеңімпазы болып, Республикалық байқауға жолдама алды. Барлық жеңімпаздар "Жас ғалым-2022", "Абайтанушы" номинациялары бойынша төс белгісімен марапатталып, ұстаздарымен бірге қаржылай сыйлыққа ие болды.



25 мамыр күні 1,9,11 сыныптарға арналған «Құлақтан үнің кетпестей,

сыңғырла, соңғы қоңырау» атты салтанатты жиын өтті. Жиынға мектебіміздің қамқоршылық кеңестің төрағасы Бектас Серік Мұқсымбекұлы,

еңбек сіңірген қайраткер ұстаз, ардагер ұстазымыз— Бақыт Құрманғалиқызы,

Жібек жолы ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы - Еңсебаева Арай Рахметова,

Қазақстан Республикасының бірінші дүркін чемпионы, Халықаралық турнирлердің жеңімпазы, Жылдың жас бапкері -2019 - Қалияқбар Аян Қанатұлы қатысты. Жиын мектеп директоры Ақжүр Арысбайқызының құттықтау сөзімен басталып, 2021-2022 оқу жылының аяқтау бұйрығымен оқу ісінің

орынбасары Хақимжанова Кулия Мұратхановнаның сөзімен жалғасын тапты. 2021-2022 оқу жылы жетістігі мол жыл болды. Мектептегі оқу озағтарын мақтау қағазымен және оқу үздігі төсбелгісімен марапатталды.





30 мамыр күні Иманжүсіп Құтпанұлы атындағы орта мектебінің 10 сынып оқушылар әскери бөлімде далалық оқу жиындарын өткізді. Атыс дайындық, тактикалық дайындық және азаматтық қорғаныс бойынша білімдерін пысықтады.



31 мамыр - Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні

«Ауылым Ақмоланың саласында,

Ақмола екі дуан арасында.

Жүз жылқы, сексен тайлақ берген жарым,

Жаудырап екі көзін қаласын да.

Ауылым ерте көшіп Жамбай қонды,

Білгенге Иманжүсіп қандай болды?!».

Өрине, оның өміріне қарап отырсақ, қазақ даласының көп бөлігінде болған, ақындық, серілікпен ел аралайды, ал патша ұлықтары Иманжүсіпті бірде Өскеменге, енді бірде Қапалға жер аударған, Иманжүсіп 1913 жылы Шиеліге кеткен болса, өмірінің соңғы дәуірін Мойынқұмда өткізеді.

Халық композиторы, әнші, ақын Иманжүсіп Құтпанұлы 1863 жылы Павлодар облысы, Ақсу ауданында дүниеге келген. Кеңес дәуірінде қудалау көрген Иманжүсіп Жамбыл облысының Мойынқұм ауданы Сарысуға көшіп, 1930 жылы 20 желтоқсан күні тұтқындалған. 1931 жылдың наурыз айының 2 жұлдызында ОГПУ жанындағы үштіктің шешімімен атылып, 1990 жылы толық ақталған.

Атаулы күнге орай тау тұлғаның немересі, философия ғылымының докторы, профессор Иманжүсіп Раушан Нұрханқызы мен мектеп директоры, ұстаздар, оқушыларымен бірігіп Иманжүсіп атанан тасы орнатылған Құтпан әулетінің қорымына барып, құран бағыштады. Раушан Нұрханқызы ұлт азаттығы үшін аянбай күрескен асқар тұлға туралы құнды деректермен бөлісті. Сонымен қатар, мектеп оқушылары, аудандық Есен Ұлан Иманжүсіп Құтпанұлына арнауымен, Тортаев Ерасыл ақын өлеңін жатқа мәнерлеп оқуымен өнерлерін көрсетіп, Раушан Нұрханқызының батасын алды.




1-маусым – Халықаралық балаларды қорғау күніне және де «Балбұлақ» атты мектепшілік жазғы демалыс лагерінің ашылуына арналған «Бала деген бір бақыт!» атты мерекелік іс-шара өтті. Қай халықтың болмасын, елдігін, салт-дәстүрін, ата-мекенін болашаққа апаратын бүгінгі жас ұрпағы. Дүниеде баладан асыл, сәбидің күлкісінен қымбат қазына жоқ. Мерекелік концертте оқушылар ән айтып, би билеп, өз өнерлерімен жиналған қауымның ықыласына бөленді. Оқушылар үшін түрлі интерактивті ойындар мен конкурстар ұйымдастырылды. Концерт соңында барлық оқушыларға балмұздақтар үлестірілді.



9-маусым күні «Негізгі мектепті бітіргендігі туралы куәлігін тапсыру» салтанаты жиыны өткізілді. Мақсаты: 2021 - 2022 оқу жылындағы 9 класс оқушыларына негізгі мектепті бітіргендігі туралы куәлікті тапсыру. Оқу жылын «Ерекше куәлікпен» аяқтап отырған оқушыларды марапаттау. 2021 - 2022 оқу жылында Иманжүсіп Құтпанұлы атындағы орта мектебінде 77 оқушы негізгі мектепті аяқтады. «Үздік куәлікке» Бодыков Алдияр, Базарбаева Әйгерім, Сарсекина Лунара, Зант Бейбарыс, Сұлтантегі Асылжан, Көзбай Мадина, Шаншарханова Дина, Жанайдар Лей оқушыларымыз ие болды.



17 маусым күні Иманжүсіп Құтпанұлы атындағы орта мектебінде **"Қош бол, ұстаз, алтын ұя мектебім!"** атты жалпы орта білім туралы аттестат табыстау салтанатты жиыны өтті. 2021 - 2022 оқу жылында 49 шәкіртіміз білім нәрімен сусындап алтын ұя мектебінен қанат қақты. Салтанатты жиынның құрметті қонағы Аршалы ауданы білім бөлімінің басшысы Молдахметов Мереке Рахымбекұлы Елеусизов Бактияр, Сардарқызы Аружан, Бексент Алуа, Шыманова Акбота, Хусайн Жансая, Қонақбаева Зарина, Осербай Асия, Шапай Мирас оқушыларымызға «Алтын белгі» төс белгілерін тағып, аттестаттары мен сертификат табыстады. Сонымен қатар Аршалы ауданы білім бөлімінің басшысы Молдахметов Мереке Рахымбекұлы мектеп директоры Туркестанбаева Акнұр Арысбайқызы, оқу ісінің меңгерушісі Хакимжанова Күлия Мұратханқызы, мектеп ұстаздары Камышева Роза Жиенбайқызы, Сиздикова Айгүл Қаратайқызы, Қадырбаева Бибигүл Кеңесбайқызы, Жунусова Амина Құмарбекқызы, Айкыласа Мадина Мұратқызын Аршалы ауданының әкімі Балпан Мурат Сағатулының Алғыс хатымен марапаттады. Мектеп директоры Туркестанбаева Акнұр Арысбайқызы жас түлектерге құттықтау сөзін сөйлеп, аттестаттарын табыстады, оның ішінде Кадыбек Мерейім, Талан Айша, Компаева Жайна, Рахматулла Айша оқушыларды мақтау қағазымен марапаттады, түлектердің оқу ісінің меңгерушісі Хакимжанова Күлия Мұратханқызы пәндер бойынша үздік оқушыларды мақтау қағазымен марапаттады, түлектердің сынып жетекшісі Камышева Роза Жиенбайқызы, ата-аналар атынан Абиоров Ергали Елеусизович жас түлектерге жылы тілектерін жолдап, ак баталарын берді. Салтанатты жиын жас түлектердің вальсмен жалғасын тауып, Ишмухамедова Ұлболсын Тобышбайқызы мен мектеп түлектерінің орындауындағы мектебіміздің әнұранына айналған «Иманжүсіп - тау тұлға» (сөзін жазған мектебіміздің түлегі, жас журналист Еуразия Ұлттық университетінің магистранты, жасгалыс Серіков Әл-Фараби Теміржанұлы, музыкасын жазған Жантн Ардабек) атты әнімен аяқталды.



**«Жолда жүру ережесі»
бойынша өткізілетін іс-шаралар
2021-2022 оқу жылы**

№	Өткізілетін іс-шаралар	Мерзімі	Жауапты
1	Акцияны ұйымдастыру мен жоспарлауды әзірлеу	қыркүйек	ДТЖО
2	«Абайлаңыз балалар!» сынып сағаттары	қазан	1-11 сынып жетекшілері
2	«Қауіпсіз жүріп тұру ережелері» оқушыларға арналған ақпараттық жадынамалар (буклеттер) дайындау	қараша	1-4 сыныптар Канафина Г.К. 5-7 сыныптар Саркулакова А.М. 8-11 сыныптар Аманхан Н.
3	«Көше тәртібі – өмір сүру тәртібі» рөлдік жойылымдар	желтоқсан	1-4 сыныптар, Торсықбасва Ж.С.
4	«Балаларыңыз жол ережесін біле ме?» ата-аналармен жиналыс	ақпан	1-11 сынып жетекшілері
5	«Қауіпсіз жол» инспектормен кездесу	сәуір	8-11 сыныптар, ДТЖО

Мақсаты:

Жас ұрпақтың дамуын, өздерінің және қоғамдық қауіпсіздік проблемаларын жауаптылыққа тәрбиелеу, өмір сүру қауіпсіздігі жағдайы және жолда жүру ережелерін мұқият сақтап, жол қауіпсіздігі бойынша білім деңгейін жоғарлату, көшеде дұрыс жүріп, жол ережесін жадында сақтауға насихаттау.

Міндеті:

- Оқушыларды жолда жүру ережесімен таныстыру.
- Жол қауіпсіздігін есте сақтауға, білуге жол ережесінің белгілерімен таныстыру
- Оқушыларды көшеде дұрыс жүріп, жол ережесін сақтауға тәрбиелеу.

2020-2022 оқу жылында мектеп оқушылары арасында «Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету және жол-көлік жаракатынан сақтандыру» профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыруға мектеп директорының жауапты қызметкерлерді тағайындау бұйрығы шығып, іс-шаралар жоспары жасалып, бекітілді. Іс-шаралар жоспарымен мектеп ұжымы таныстырылды.

«Жолда жүру ережесі» жұмыстарын жүргізуге арналған стенд орналастырылып, үстел үсті макеттер, практикалық сабақтар өткізу үшін жол қиылысы салынған автолаң, оқушылардың мектепке келуі және кетуі кезіндегі жол қауіпсіздігі бағыттары көрсетілген мектеп жанындағы көше сызбасы жасалды.

ДТЖО Ұ.Т.Ишмухаммедованың жетекшілігімен «Жол қозғалысының жас инспекторлары» жаңа құрамы құрылды.

Оқушылардың мектепке катынайтын жол өткелдеріне мұғалімдер тарапынан кезекшілік ұйымдастырылып, жылдық кезекшілік кестесі жасалып бекітілді. Көлік жүргізушілердің назарын аудару үшін оқушылар өткелдеріне жол белгілері орнатылды.

"АБАЙЛАҢЫЗ БАЛАЛАР!" жолдар жүру ережелеріне арналған тәрбие сағаттары

13-17 қазан аралығында мектебімізде жол қауіпсіздігіне байланысты "Абайлаңыз балалар!" тақырыбында апталық өтті. Апталық жоспарына сәйкес барлық сыныптарда тәрбие сағаттары өткізілді. Оқушылар сынып сағаттарында жолда жүру ережелерімен таныстырылды, себебі жолда жүру ережесін сақтау өте маңызды. Балалар жолдан өткенде әсіресе абай болуы қажет және бағдаршам тілін білулері керек. Жол бойындағы түрлі белгілерді оқушылардың білуі өте маңызды. Жолда жүру ережелері балаларға мектеп жасынан түсіндірілгені дұрыс.



«Көше тәртібі – өмір сүру тәртібі» рөлдік қойылымдар ұйымдастырылды. «Ең үздік жол ереже білгірі» жарысын 6-7 сыныптар арасында Тенелбай Сұлтан жеңіске жетті.



«Қауіпсіз жүріп тұру ережелері» оқушыларыға арналған ақпараттық жадынамалар мен қабырға газеттері, буклеттер дайындалды. Оқушылар да өздері осы тақырып төңірегінде плакаттар, суреттер салды. Ең үздіктері марапатталды.



«Балаларыңыз жол ережесін біле ме?» ата-аналар жиналысы болып, ата-аналар қауіпсіздігін қамтамасыз ету және жол-көлік жарақатынан сақтандыру» айлығының іс-жоспарымен таныстырылып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.



«Қауіпсіз жол» инспекторымен кездесу өтті. Аршалы ауданы полиция бөлімінің ювналды полиция тобының учаскелік полиция инспекторы Мусабеков Нұрсұлтан Нұржанович, аға лейтенант Омарова Назира Санбекқызымен 3-11 сынып оқушыларының ұлдары арасында кездесу өткізілді. А.С.Макаренконың: «Анағұрлым қиын тиетін қайта тәрбиелеу жұмысына оралмау үшін, әуелден дұрыс тәрбие беруге тырысу керек» деген пікірін ұмытпаған жөн.

Құқықтық тәрбие берудің негізгі мақсаты – оқушыларда құқықтық мәдениет пен құқықтық әрекет-қилық қалыптастырып, оларды құқықтық заңдылық талаптарын түсінуге әрі мойындауға баулу.

Оқушылардың құқықтық білімдері және заң алдындағы жауапкершіліктерін арттыру мақсатында, жасөспірімдерді қылмыстық әрекеттерден бойларын аулақ ұстауға шақырды.

Жиналыс барысында жол ережесін сақтау, арнайы жүргізуші құжаты болмаса, көліктің қай түрін рұқсатсыз жүргізеу, жолда абай болу керектігі туралы айтылып өтті.



Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету аймақтағы өзекті мәселелердің бірі. Жол-көлік оқиғаларының туындауының тежеуші факторы тұрғындар арасында профилактикалық жұмыстарды жүргізу болып табылады. Бұл мәселедегі басты назар, оның басты міндеті жолдағы балалар жарақатының алдын алу, балалар мен жасөспірімдер арасында Жол қозғалысы ережесін сақтауды насихаттау болып табылатын жол қозғалысы жас инспекторларының мектептегі топтарының қызметін ұйымдастыруға бағытталады.



Тәрбие ісі меңгерушілері: Айкынбаева М.М.
Жунусова А.К.